БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 225 (9543) | 1954 жылғы 13 ноябрь Сенбі | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

**ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында** (1-бет).
ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ (1-бет).
**СОКП Орталық Комитетінің қаулысы** (2-бет).
МОСКВАЛЫҚТАРДЫҢ БАСТАМАСЫНА ЖАУАП: **Р. Уәлиев** —Коллектив күші. (2-бет).
**Ғ. Шаймерденов.** —Әр сыйырдан 3380 килограмм сүт (2-бет).
Мал шаруашылығының озаттарына наградалар тапсыру (2-бет).
САПАЛЫ ТҰҚЫМ—МОЛ ӨНІМНІҢ НЕГІЗІ: **В. Кафарена.**— Тұқымды сақтау жолдары. **Қ. Сағнаев.** —Келесі жылдың егісі үшін (3-бет).
**С. Санько.** —Автомобиль жүргізушілер арасында еңбек тәртібі жақсартылсын. (3-бет).
**С. Темерин** — Совет адамдарының тұрмысын сәндендіру үшін (3-бет).
Шетелдерде Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын мейрамдау (4-бет).
Москва Советінің 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. Сабуровтың жасаған баяндамасы туралы шетел баспасөзінің пікірлері (4-бет).
БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы (4-бет).

## АУДАНДЫҚ ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ

Облысымыздың партия ұйымдарында аудандық партия конференциялары өткізіле бастайды. Бүгін Булаев және Конюхов аудандарында партия конференциялары ашылады.

Бұл конференциялар партия ұйымдарының партиямыздың XIX съезінің тарихи қарарларын және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь Пленумдары қаулыларын мінсіз жүзеге асыру жолында зор белсенділікпен, қажырлылықпен көп жұмыстар істеп жатқан кезінде өткізілуде.

Облысымыздың партия ұйымдары өздерінің жұмысында партиямыздың XIX съезінің қарарларын және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март, июнь Пленумдарының қаулыларын, сондай-ақ, Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезінің қарарларын, Қазақстан КП Орталық Комитетінің өткен пленумдары қаулыларын басшылыққа алып отырды. Сөйтіп, облыс партия ұйымдары партия мен үкметіміздің күнбе-күн көрсетіп отырған даналық басшылығы арқасында облыс еңбекшілерінің саяси және өндірістік белсенділігін бастай білді.

Партия мен үкметіміздің соңғы қаулылары халық шаруашылығының барлық саласын, оның ішінде, әсресе ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге бағытталған.

Ауыл шаруашылығын өркендете берудің ең маңызды және қайнар көзі—тың және тыңайған жерлерді игеру болып отыр. Бұл бүкілхалықтық істе елімізде Советтік Қазақстан көрнекті орын алатын болса, оған біздің облыс та ортақ. Облыстың колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлерді игерудің үстіміздегі жылғы жоспарын мерзімінен бұрын артығымен орындап, зор абройға ие болды. Осы құрметті міндетті жүзеге асыра отырып, Конюхов, Булаев, Полудень, Соколов аудандарының еңбекшілері быйыл астық дайындау жоспарын табысты орындап шықты.

Бірақ облысты тұтас алғанда жергілікті партия ұйымдарының ауыл шаруашылығына басшылығы әлі де болса жеткілікті дәрежеде емес екендігін жасыруға болмайды. Бұған облыс бойынша быйыл мемлекетке астық тапсыру және мал азығын дайындау жоспарларының орындалмағандығын, мал басын өсіру, істің жайын жете білмей, кемшіліктердің орын алу сырын ашпай, оны егжей-тегжейіне дейін тексермей, үстірт басшылық еткендіктерін көрсетеді. Әрине, істің жайын жете білмей, кемшіліктерді кезінде жоюдың нақтылы шараларын белгілемей, ол белгіленген шаралардың орындалуын шеберлікпен ұйымдастырмай табысқа жету мүмкін емес.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдары колхоз, совхоз құрылыстарын барған сайын нығайта беруді, егін, мал шаруашылығын өркендетіп, олардан алынатын өнімді арттыра беруді, колхозшылардың, МТС, совхоз қызметкерлерінің тұрмыс жағдайларын онан әрі жақсарта беруді аса маңызды міндет етіп қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін жергілікті партия ұйымдары колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылықты мықтап жақсартулары керек. Партия органдары ауыл-селодағы саяси және ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесін жоғары көтеріп, коммунистердің, комсомолецтердің, барлық колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің творчестволық белсенділіктерін, патриоттық бастамаларын қостаумен қатар, оны дамытып отырулары қажет. Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде ғылымның, озаттардың жаңа табыстарын үнемі насихаттап, оларды көпшіліктің игілігіне айналдыра білу—партия ұйымдарының маңызды міндеттерінің бірінен саналады.

Аудандық партия конференциялары ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкметіміздің алға қойған міндеттерін мінсіз жүзеге асыру, ол үшін еңбекшілер арасында партиялық -ұйымдастыру, партиялық -саяси жұмыстарды жақсарту, сол арқылы партиялық- шаруашылық жұмыстарда жаңа жетістіктерге жету ұранымен өтуге тиіс. Ал партиялық және шаруашылық жұмыстарда жақсы нәтижелерге жету үшін онда орын алған кемшіліктерді көрмеу партия ұйымдары үшін кешірілмес кінә болып табылады. Міне, сондықтан да конференцияларда сын мен өзара сын кең өріс алуы, басшылық етуде болған кемшіліктер батыл ашылып, оны жоюдың нақтылы шаралары белгіленуі керек. Басшылық ісінде немкетті, үстірттік, кеңсешілдік, бюрократтық, әкімшілік жасаушылық сияқ-

## ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ

### УРАЛ ЕҢБЕКШІЛЕРІ МОСКВАЛЫҚТАРДЫҢ БАСТАМАСЫН ҚОЛДАУДА

СВЕРДЛОВСК, 11 ноябрь. (СОТА). Урал еңбекшілері Москва қаласының озат кәсіпорындары коллективтерінің жаңа патриоттық бастамасына қызу үн қосты. Кеше «Уралэлектроаппарат» заводында көп адам қатысқан жыйналыс болды.

Кәсіпорнының коллективі бесжылдық жоспарды Ұлы Октябрьдің 38 жылдығына орындауды, 1955 жылы өнім шығаруды 1950 жылғымен салыстырғанда 2,4 есе арттыруды, еңбек өнімділігін 1950 жылғыдан 55 процент арттыруды, өнімнің өзіндік құнын 1954 жылы қол жеткендегіден 5 процент кемітуді, мың тонна металл үнемдеуді ұйғарды.

Жуырда кәсіпорнының коллективі Кама СЭС-і үшін есеп бойынша онбірінші қуатты су генераторын мерзімінен бұрын дайындап берді. Кәзір мұнда Кама СЭС-і үшін онекінші және Дубоссар СЭС-і үшін кезекті су генераторлары дайындалуда. Заводтың жұмысшылары, инженер-техниктері бұл агрегаттарды қысқа мерзім ішінде дайындап шығаруға және жөнелтуге ұмтылуда.

### МОСКВА КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ БОЙЫНША

УЛЬЯНОВСК, 11 ноябрь. (СОТА). Шағын двигательдер заводының коллективі Москва кәсіпорындарының патриоттық бастамасына жауап бере отырып, жаңа, көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдады. Жалпы өнім шығару жөніндегі бесжылдық жоспарды Ұлы Октябрьдің 38 жылдығына орындау, 1955 жылдың аяғына дейін еңбек өнімділігін 1950 жылғымен салыстырғанда 70 процент арттыру, өнімнің өзіндік құнын арзандату ұйғарылды.

Завод жасап шығаратын тұрақты мұнай двигательдері халық шаруашылығының түрлі салаларында, әсресе ауыл шаруашылығында кеңінен пайдаланылуда. Бесжылдықтың басынан бері кәсіпорнында өнім шығару екі еседен астам артты.

### *ССРО Министрлер Советіне Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне*

Украин ССР Министрлер Советі мен Украина КП Орталық Комитеті мынаны баяндайды: республиканың колхоздары мен совхоздары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының тарихи қарарларын жүзеге асыра отырып, СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің басшылығымен Украин ССР-і үшін белгіленген астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындады. МТС- тердің жұмысы үшін тапсырылған счеттар бойынша және мемлекетке сату ретінде астық әлі тапсырылып жатыр.

Үстіміздегі жылы агротехниканың прогрестік тәсілдері — картоп пен овощь егудің және отырғызудың шаршы- ұялы және шаршы әдістерін кеңінен қолданып, егісті механизмдердің көмегімен жұмыстауды және мұқият күтуді қамтамасыз етіп, қуаншылықтан туған, әсресе, Украинаның оңтүстік облыстарындағы елеулі қыйыншылықтарды жеңе отырып, республиканың колхоздары мен совхоздары картоп пен овощьтан тәуір өнім өсірді, мұның өзі мемлекетке 1 миллион 250 мың тонна, яғный 1953 жылғы осы уақытта тапсырылғандағыдан 210 мың тонна артық картоп тапсыруға мүмкіндік берді. Өткен жылға қарағанда овощь тапсыру да артты.

Мұнымен қатар үстіміздегі жылы жарма және бұршақты дақылдар 1953 жылғы осы уақытта тапсырылғандағыдан және сатылғандағыдан 8 миллион пұт, зығыр тұқымы 37 мың центнер, зығыр талшығы 10 мың центнер, көбікті талшық 28 мың центнер, темекі мен махорка 9 мың центнер артық тапсырылды және сатылды. Қант қызылшасын қазу аяқталды, оны тасу жұмыстары аяқталуға жақын.

Өткен жылда республика колхоздарындағы сыйыр саны 337 мыңға, яғный 19 процент көбейді, сөйтіп, сыйыр малының жалпы табынындағы арасалмағы 26 проценттен 32 процентке дейін артты. Сүт өткен жылғы осы уақыттағыдан 88 мың тонна, ет 131 мың тонна, жүн 7 мың центнер артық дайындалды және сатылды.

Украин ССР-нің колхозшылары, МТС-тер мен совхоздар қызметкерлері партия ұйымдарының басшылығымен 1955 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алынуын қамтамасыз ету жолында еңбек етуде. Күздік дақылдар егу жоспары асыра орындалды, жоспардан тыс 503 мың гектар күздік егілді. Республиканың колхоздары мен совхоздарында жер әзірлеу және күздік егу жұмысы агротехникалық ең жақсы мерзімде және жоғары сапада жүргізілді. Егінді тоғыспалы және тарағалық әдіспен егу кең көлемде қолданылды. Зябь жырту жоспары орындалды, зябь 1953 жылдағыдан 422 мың гектар, ал қара пар 140 мың гектар артық жыртылды. Колхоздардың егіс даласына жергілікті тыңайтқыштар өткен жылғы осы уақыттағыдан 5,5 мың тонна артық тасылды. Украинаның машина- трактор станциялары шартты жер жырту есебімен алғанда колхоздардағы барлық механикаландырылған жұмыстарды 1953 жылғы осы уақыттағыдан 5,1 миллион гектар артық орындады.

Кәзір колхозшылардың, МТС-тер мен совхоз қызметкерлерінің, партия

### ЛЕНИНГРАД ОБЛЫСЫНЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ КАРТОП ДАЙЫНДАУДЫҢ ЖӘНЕ САТУДЫҢ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

Ленинград облысының колхоздары мен совхоздары картоп дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын орындады. Картоп 1953 жылғыдан 18 мың тонна артық тапсырылды.

### МОСКВАЛЫҚТАРДЫҢ ШАҚЫРУЫ ҚАБЫЛ АЛЫНДЫ

ТИРАСПОЛЬ, Молдаван ССР, 10 ноябрь. (СОТА). Тирасполь заводының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Колхоздар мен МТС-терде іштен жанатын двигательдер, ортадан айналатын насостар, жүзім престері өткен жылдағыдан бір жарым есе көп жөнелтілді. Жанар май құюға арналған цистерналар мен ауылшаруашылық машиналарына арналған запас бөлшектер шығару екі еседен аса артты. Кәсіпорнында быйылғы жылдың өзінде-ақ 1955 жылда белгіленген өндіріс дәрежесіне қол жетті.

Кеше заводта жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің москвалықтардың бастамасын талқылауға арналған жалпы жыйналысы болды. Кәсіпорнының коллективі жалпы өнім шығару жөніндегі бесжылдық тапсырманы келесі жылғы сентябрьде орындауды, еңбек өнімділігін 1950 жылдағымен салыстырғанда 90 процент арттыруды, өнімнің өзіндік құнын быйылғы жылы қол жеткен дәрежеден 8 процент кемітуді ұйғарды.

Бұл міндеттемелерді жүзеге асыру үшін жаңа резервтер іске қосылуда. Құю цехында машиналық формовка және құйылған бөлшектерді пневматикалық жолмен тазарту әдістері енгізілуде, бұлар бөлшек жасау процесін төрт есе кемітуге мүмкіндік береді.

### МОСКВАЛЫҚТАРДЫҢ ҮЛГІСІ БОЙЫНША

ЛЬВОВ, 10 ноябрь. (СОТА). Үшінші тоқсанда қол жеткен табыстары үшін «Львовсельмаш» заводының коллективіне КБОС пен автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналарын жасау министр-

оның өнімділігін арттыру жұмыстарында елеулі кемшіліктердің болып отырғандығын айтсақ та жеткілікті.

Ауыл шаруашылығына басшылық етуде, әсресе Приешім, Мамлют аудандарының партия ұйымдарында көп кемшіліктер болды. Бұл аудандарда егін және мал шаруашылықтарын өркендетуге қолда бар мүмкіншіліктер толық пайдаланылмады. Соның салдарынан аталған аудандарда быйыл мемлекетке астық тапсыру, мал азығын әзірлеу, мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарлары орындалмады. Кәзір бұл аудандардың көп колхоздары мал қыстатуды жеткіліксіз әзірлікпен бастағалы отыр.

Приешім, Мамлют аудандарында осындай елеулі кемшіліктердің орын алу себебі неде? Мұның басты себебі—ондағы мен жергілікті партия ұйымдарының шаруашылыққа партия басшылығын жақсарта алмағандығында, аудан еңбекшілерінің саяси, өндірістік белсенділігін жоғары дәрежеде өрістете білмегендіктерінде, партиялық-ұйымдастыру, партиялық-саяси жұмыстарды өндірістік міндеттермен ұштастыра жүргізуге жете көңіл бөлмегендігінде болып отыр. Мұның тағы да бір себебі колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға, олардағы бастауыш партия, комсомол ұйымдарына, ауыл-селолық Советтерге аудандық партия комитеттерімен аудандық Совет атқомдері тарапынан болған басшылықтың нақтылы және іскерлікпен жасалмауында, атап айтқанда Приешім аудандық партия комитетінің бірінші секретары Соболь, Совет атқомінің председателі Сәрсенбаев, Мамлют аудандық партия комитетінің бірінші секретары Савинов, Совет атқомінің председателі Жадан жолдастардың басшылығы міне осындай дәрежеде болды. Мұның өзі Соболь, Сәрсенбаев, Савинов, Жадан жолдастардың колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға, бастауыш партия, комсомол ұйымдарына, ауыл-селолық Советтерге ты фактілер болса, оны батыл ашып, ұлақ ді-кесілді жою қажет.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту үшін колхоздарды, МТС-термен совхоздарды қолынан іс келетін басшы кадрлармен, агрономдармен, зоотехниктермен, механиктермен және басқа мамандармен нығайту басты міндеттердің бірінен саналады. Партия ұйымдары өздерінің жұмыстарын осындай активтерге, коммунистерге, комсомолецтерге, колхозшылар мен жұмысшыларға сүйеніп жүргізгенде ғана табысқа жете алады.

Есеп беріп отырған мерзім ішінде селолық, аудандық партия комитеттерінің аппараты қайта құрылды. Кәзір әрбір МТС аймағында ҚКП аудандық комитетінің секретары бастаған нұсқаушылар тобы жұмыс істейді. Олардың жұмысын жақсарту шараларын қарастыру —аудандық партия конференциялары баса назар аударатын маңызды мәселе.

Колхоздарға, МТС-терге, совхоздарға, бастауыш партия ұйымдарына және ауыл-селолық Советтерге басшылықты жақсарту аудандық партия комитеттерімен атқару комитеттерін нығайтуды, оларды істің жайын жақсы білетін, қабілетті, іскер, тәжрибесі мол, шебер ұйымдастырушылармен толықтыруды талап етеді. Сондықтан конференция делегаттары бұл мәселеге айрықша көңіл бөлуге тиіс.

Конференцияларда тек шаруашылық жұмыстардың орындалуы ғана сөз болып қоймай, сонымен қатар идеологиялық жұмыстың жайы да терең талқыланып, бұл жұмыстардағы кемшіліктерді жою шаралары белгіленуі керек.

Аудандық партия конференцияларын кең өріс алған сын мен өзара сын жағдайында идеялық жоғары дәрежеде өткізіп, облыс партия ұйымын онан сайын нығайта берейік!

## ССРО Жоғарғы Советінің Президиумында

ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар Комитетінің құрамынан оның кейбір мүшелерінің шығуларына байланысты Комитетті шетелдердің демократиялық қоғамдарының және Совет Одағының мына өкілдерімен толықтырды: Анна Зегерс—жазушы (Германия), Сахиб Синг Сокхей—оқымысты микробиолог Индия парламенті Штаттары Советінің мүшесі, Антонио Банфи—Милан университетінің профессоры (Италия), Александров Григорий Васильевич —кинорежиссер (ССРО).

## Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Көкшетау облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын орындады. Өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда мемлекетке 9 миллион 303 мың пұт астық артық тапсырылды және сатылды. Облыстың колхоздары 1955 жылдың егісі үшін өздерін тұқыммен қамтамасыз етті және өткен жылға қарағанда 4 миллион 500 мың пұт тұқымды артық құйды.

СОКП Орталық Комитеті февраль-март Пленумының қарарын орындай отырып, колхоздар мен совхоздар 1 миллион 400 мың гектар тың және тыңайған жер көтеріп, белгіленген жоспарды едәуір дәрежеде асыра орындады.

Кәзіргі уақытта облыстың колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің, МТС-тері мен совхоз жұмысшыларының бар күш-жігері мал қыстатуды үлгілі өткізуге ойдағыдай әзірленуге және 1955 жылы егіннен мол өнім алуға қажетті шаралардың бәрін де жүзеге асыруға бағытталып отыр.

## БАЛЫҚ АУЛАУДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

АСТРАХАНЬ, 11 ноябрь. (СОТА). Каспий бассейнінің балық өнеркәсібі бүгін балық аулау және дайындау жоспарын орындап шықты. Балық өткен жылғы осы мерзімдегіден үш миллион бір жүз мың пұт артық ауланды. Балықтың осетр, ірі частик сияқты бағалы тұқымдарын аулау жөніндегі жылдық тапсырма едәуір асыра орындалды.

Жыл аяғына дейін тағы да бір миллион екі жүз мың пұт балық аулау жөнінде міндеттеме алынды.

## ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

ИСФАРА (Тәжік ССР) 11 ноябрь. (СОТА). Бүгін Ким және Нефтеабад мұнай промыселдарының коллективтері сұйық отын өндірудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бір тонна мұнайдың өзіндік құны 7 процент арзандатылды. Еңбек өнімділігі мұнда жоспарға 116 процент болды.

Мұнайшылар жанар май өндіруді арттыра түсуде, олар жыл аяғына дейін жоспардан тыс көптеген тонна отын беруді ұйғарды.

және совет органдарының барлық күш-жігері мал қыстатуды ойдағыдай өткізуге, республика ауыл шаруашылығының барлық салаларының онан әрі өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

**УКРАИН ССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ** | **УКРАИНА КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.**

## Совет жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезі алдында

Совет жазушыларының Бүкілодақтық II съезіне әзірлік бүкіл елімізде өрістеуде.

Жыйырма жыл ішінде біздің елімізде 73.300 кітап басылып шықты, бұлардың жалпы тиражы 2 миллиард данадан асты. Көркем әдебиет бүкіл халық ұнатқан шығармалармен байыды. Олардың ең таңдаулылары ССРО және шетел халықтарының көптеген тілдеріне аударылды. Кәзір совет жазушыларының жаңа шығармалары басылып шығуда.

Съезге әзірлік күндерінде Москваның жазушылары көп адам қатысқан аудиториялар алдында творчестволық есеп беруде. Прозашылар, ақындар мен драматургтер, балалар жазушылары аса ірі кәсіпорындарда, мекемелерде, жоғары оқу орындарында болды.

Мемлекеттік көпшілік тарих кітапханасы оқушылардың тарихи романдардың авторлары —Л. Никулинмен, С. Голубовпен, А. Борщаговскиймен кездесулерін өткізді. А. С. Пушкин атындағы кітапханада жазушы Т. Семушкинмен кездесу өткізілді. И. С. Тургенев атындағы кітапхана оқу залында И. Эренбургтың «Жылымық» повестісі талқыланды.

Саяси және ғылми білімдер тарату жөніндегі Бүкілодақтық қоғамның орталық лекторийінде «Совет әдебиеті жазушылардың Бүкілодақтық II съезі алдында» «Кәзіргі заманғы совет драматургиясы» деген және басқа тақырыптарда лекциялар және С. Сухачевтың, В. Катаевтың творчестволық кештері ұйымдастырылды ССРО-ның В. И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасында «Советтік әдебиет зерттеу» деген көрме ашылды.

(СОТА).



Ноябрьде отандық ғылым мен мәдениеттің өркендеуінде зор роль атқарған В. И. Ульянов-Ленин атындағы Қазан Мемлекеттік университетінің құрылғанына 150 жыл толады.

Қазан университетінен ғылымның, әдебиет пен искусствоның аса көрнекті қайраткерлері Н. И. Лобачевский, Н. Н. Зинин, А. М. Бутлеров, Л. Н. Толстой және басқалары даярланып шықты.

Университетте Владимир Ильич Ленин оқып, революциялық жолға түсті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Қазан университеті еліміздегі ірі оқу орындарының бірі болды. Ондағы оқымыстылар игілікті дәстүрді онан әрі жүргізе отырып, ғылымның түрлі салаларында актуальды мәселелерді зерттеуде.

Университеттегі жеті факультетте ұлан- байтақ Отанымыздың көптеген қалалары мен селоларынан келген әртүрлі ұлттардан 3 мыңнан аса студенттер оқыйды.

СУРЕТТЕ: университет корпустарының бірі. **(СОТА-ның фотохроникасы).**

лігінің Ауыспалы Қызыл туы берілді. Машина жасаушылар он айдың жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындады және Октябрь мейрамына дейін бірнеше миллион Сомның қосымша өнімін берді. Еңбек өнімділігі жоспардағыдан 16 процент артты.

Мейрамнан кейін завод жұмысшылары жаңа табыстарға жетуде. Кешегі күні барлық цехтар мен участоктер тапсырмаларын асыра орындады. Жүздеген сдельщиктер сменалық нормаларын бір жарым-екі есе артық орындады, ал жедел токарьлер М. Цвелиховский, С. Казаков, В. Пузырев еңбек өнімділігін 400 процентке дейін жеткізді.

Бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауды ұйғарған Москваның озат кәсіпорындарының патриоттық бастамасына машина жасаушылар қызу үн қосты. Завод коллективі бесжылдық жоспарды негізгі өнім жөнінде мерзімінен бұрын орындауға, бесжылдықта еңбек өнімділігін 130 процент арттыруға және өнімнің өзіндік құнын 1954 жылғы қол жеткен дәрежеден 8 процент арзандатуға мүмкіншілігі бар екенін есептеп шығарды.

## ПОЛИГРАФИЯ КОМБИНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

САРАТОВ, 11 ноябрь. (СОТА). Қаланың ең үлкен магистралі—Чернышевский көшесінде Полиграфия комбинатының корпусы өсуде. Ол жыл сайын бастауыш, орта және жоғары мектептер үшін Совет Одағы халықтарының көптеген тілдерінде 45 миллион оқулықтар басып шығаратын болады. Құрылысшылар кәзір комбинаттың негізгі өндіріс корпусының екінші қабатын салып жатыр. Котел үйін салу, котелдерді, бетон заводын, гараж-ды, сол сияқты полиграфиялық жабдықтарды жөндейтін механикалық мастерскойды монтаждау аяқталды.

Үстіміздегі жылы ашылған қолөнер училищелері жаңа кәсіпорны үшін полиграфист кадрлар —печатниктерді және әріп терушілерді даярлайды.

Полиграфия комбинатының құрылысын 1956 жылы аяқтау белгіленген.

## В. И, ЛЕНИНІҢ МУЗЕЙ-ҮЙІНІҢ АШЫЛҒАНДЫҒЫНА 25 ЖЫЛ ТОЛДЫ

Ульяновск. (СОТА). 7 ноябрьде. В. И. Лениннің Ульяновск қаласындағы музей-үйінің ашылғанына 25 жыл толды. Ширек ғасыр ішінде мұнда 1.400 мыңға жуық адам болды. Быйыл мұнда Қытайдан, Корей Халық-Демократиялық Республикасынан, Чехословакиядан, Польшадан, Албаниядан, Вьетнамнан қонақтар келді.

Владимир Ильич өзінің балалық және жас кездерін өткізген бұл шағын үйдің табалдырығынан аттаған әрбір адамның бойын ерекше сезім билейді. Музей-үйдің келушілер пікірі жазылатын кітабына жалынды сөздер жазылған.

Музей-үйдің жанында В. И. Лениннің Орталық музейінің филиалы бар. Мұнда еңбекшілер біздің партиямыздың тарихы жөніндегі документтермен танысады, консультациялар алады, СОКП тарихы жөнінде, Ленин мен Сталиннің шығармалары жөнінде шолу лекциялар тыңдайды.

## СОКП Орталық Комитетінің қаулысы

# Халық арасында ғылми-атеистік насихат жүргізудегі қателіктер туралы

Коммунистік партия өзінің программасына сәйкес еңбекшілер бұқарасының саналылығын үнемі арттыруға және бұқараны діни соқыр сенімдерден бірте-бірте азат етуге бағытталған дүниеге материалистік көзқарастың ғылми-ағарту насихатын жүргізіп келеді. Бұл жұмыста партия әрқашан да дінге сенушілердің сезімдерін қорлаудың қандайынан болса да аулақ болу қажет деп санап келді.

СОКП Орталық Комитетіне соңғы уақытта халық арасындағы ғылми- атеистік насихат жүргізуде бірқатар жәрлерде өрескел қателіктер жіберілгенін көрсететін фактілер түсіп отыр.

Жаратылыс тану- ғылми білімдерді насихаттау жөнінде ерінбей- жалықпай үнемі жұмыс істеудің орнына, дінге қарсы идеялық күрес жүргізудің орнына, кейбір орталық және жергілікті газеттерде, сонымен қатар кейбір лекторлар мен баяндамашылардың сөздерінде діни адамдарға және діни әдет- ғұрыптарды орындайтын дінге сенушілерге қарсы қорлаушылық әрекеттерге жол берілуде. Баспасөз беттерінде және насихатшылардың ауызша сөздерінде кейбір діни қызмет атқарушылар мен дінге сенушілерді ешқандай дәлелсіз саяси жағынан сенуге болмайтын адамдар деп көрсетушілік бар. Бірқатар аудандарда жергілікті ұйымдар мен жеке адамдар тарапынан діни бірлестіктер мен топтардың ісіне әкімшілік жолымен араласу, сонымен қатар діни адамдарға дөрекілік істеу оқиғаларына жол берілген.

Дінге қарсы насихаттағы бұл сияқты қателіктер Коммунистік партияның дін және дінге сенушілер жөніндегі программасы мен саясатына түбірімен қайшы келеді және дінге сенушілердің сезімдерін қорлауға болмайтындығы туралы партияның сан рет берген нұсқауларын бұзғандық болып табылады.

СОКП Орталық Комитеті көптеген партия ұйымдарының ғылми- атеистік насихат ісіне күнбе- күн басшылық етуден бойын аулақ салуын, насихатшылар кадрларын мұқият іріктеп алуға қамқорлық жасамайтынын дұрыс емес деп санайды. Баспасөзде мақалалар жазуға, лекция, баяндамалар жасауға көп реттерде ғылым мен атеистік насихат мәселелерінен хабары жоқ надан адамдар, ал кейде тек шіркеу қызметіндегі адамдар жайындағы сықақтар мен мәтелдерді ғана білетін дүмшелер қатыстырылып жүр. Мақалалардың авторларын, лекторларды, баяндамашыларды іріктеп алу ісіне бұлайша жауапсыз қараушылық және ғылми- атеистік насихаттың дұрыс бағытта болуына партия ұйымдары тарапынан ойдағыдай бақылау жасалмауы халық арасында жүргізілетін тәрбие, мәдени- ағарту жұмысына елеулі нұқсан келтіреді.

СОКП Орталық Комитеті **қаулы етеді:**

СОКП облыстық комитеттеріне, өлкелік комитеттеріне, одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттеріне және барлық партия ұйымдарына атеистік насихаттағы қателіктерді батыл жою және дінге сенушілер мен шіркеу қызметін атқарушылардың сезімдерін қандай да болса қорлаушылыққа, сонымен қатар шіркеу ісіне әкімшілікпен араласуға бұдан былай ешқандай да жол бермеу міндеттелсін. Шіркеу, діни адамдар, дінге сенуші азаматтар жөнінде қорлау әрекеттерін жасаушылық партия мен мемлекеттің ғылми- атеистік насихат жүргізуде ұстаған бағытымен сыйыспайтынын және совет азаматтарына ұждан бостандығын берген ССРО Конституциясына қайшы келетінін есте ұстау қажет.

Әлеуметтік- экономикалық тұрмыс жағдайында болған терең өзгерістер, қанаушы таптардың жойылуы, ССРО-да социализмнің жеңуі нәтижесінде, ғылымның ойдағыдай дамуы және елдің мәдениет дәрежесінің жалпы артуы нәтижесінде Совет Одағы халқының көпшілігі діни сарқыншақтардан әлде қашан құтылды; еңбекшілердің саналылығы мейлінше халықаралық империализмнің мүддесін көздеп, совет халқының мүдделеріне қарсы бағытталған, үкіметке қарсы әрекеттері үшін мемлекет оларды жауапқа тартқан болатын. Сондықтан да совет халқының социалистік мемлекеттің жауларына қарсы күрес жүргізгенде совет халқына қарсы дұшпандық әрекеттермен шұғылданған реакцияшыл **шіркеу өкілдеріне де** қарсы күрескені заңды болған еді. Қазіргі уақытта ССРО-да социализмнің жеңуі және қанаушылар таптарының жойылуы нәтижесінде діннің әлеуметтік тамырлары үзіліп, шіркеудің сеніп келген негізі жойылды. Шіркеу қызметін атқарушылардың көпшілігі де, фактілер көрсетіп отырғанындай, қазір Совет өкіметіне дұрыс көзбен қарайтын позиция ұстап отыр. Сондықтан діни соқыр сенімдерге қарсы күрес қазіргі уақытта дүниеге ғылми, материалистік көзқарастың күресі— ғылымға жат, діни көзқарасқа қарсы идеологиялық күрес деп қаралуға тиіс.

Дінге қарсы насихатта болған қателіктерді түзету еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісінің құрамды бөлігі болып табылатын және бұқара арасында ғылми, материалистік білімдерді тарату, дінге сенуші адамдарды діни соқыр сенімдердің ықпалынан азат ету мақсатын көздейтін ғылми- атеистік насихатты бәсеңдетпеуге тиіс.

Мемлекет жөнінде дін жеке бастың ісі болып табылып, сондықтан шіркеу мемлекеттен ажыратылған. Ал дүниеге бірден- бір дұрыс көзқарасқа—марксизм- ленинизмге және оның теориялық негізі — диалектикалық материализмге сүйенетін Коммунистік партия ғылымға ешқандай қатысы жоқ идеология ретіндегі дінге қалай болса солай, бейтараптылықпен қарап отыра алмайды.

Біздің партиямыз жаратылыс тану, техникалық және қоғамдық ғылымдарды дамытуға барлық күш- құралдармен ат салысуды өзінің бұлжымас міндеті деп әрқашан да санап келді және санап отыр. Тек қазіргі заманғы озат ғылымның негізінде ғана табиғат байлықтарын бүкіл адамзаттың мүдделері үшін жан- жақты және толық пайдалануға болады. Тек ғылымның негізінде ғана өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын өркендетуде жаңадан жоғары өрлеу дәрежесіне жетуге, елдің өндіргіш күштерін онан әрі мықтап дамытуды қамтамасыз етуге, еңбек өнімділігін арттыруға, сөйтіп халықтың материалдық әл- ауқаты мен мәдени дәрежесін едәуір жоғарылатуға болады. Осыған сүйене отырып, Коммунистік партия совет адамдарын дүниеге ғылми көзқарас рухында тәрбиелеп, ғылымға жат идеология болып табылатын діни идеологияға қарсы идеялық күрес жүргізіп келеді. Ғылым мен діннің арасында түбірлі қарама- қарсылық бар екені айқын. Егер ғылым фактілерге, ғылми тәжрибеге және мұқият тексерілген, өмір дәлелдеп берген қорытындыларға сүйенетін болса, діннің қандайы болса да тек інжілдің аңыздары мен басқа аңыздарға, ойдан шығарылған түрлі ертектерге ғана сүйенеді. Жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласындағы қазіргі заманғы ғылми табыстар діни догмаларды көз жеткізе әшкерелеп отыр. Ғылым табиғат пен адамның тіршілігі жайындағы діни, жалған ұғымдармен келісе алмайды, сондықтан да ол дінмен сыйыспайды. Ғылым табиғат пен қоғам дамуының объективтік заңдарын адамзаттың барған сайын терең білуіне көмектеседі, табиғат күштерін адамға қызмет еттіруге көмектеседі, ғылым адамның саналылығын арттырып, мәдениетін көтеруге көмектеседі; ал дін адамның санасын қараңғылап, оны табиғат күштері алдында мешеу болуға душар етеді, оның творчестволық белсенділігі мен инициативасын тежейді.

Осының бәрін ескере отырып, партия терең мағналы ғылми- атеистік насихатты үнемі жүргізіп отыру қажет, бірақ бұл істе, дінге сенушілердің, сондай-ақ дін қызметін атқарушылардың діни сезімдерін қорлауға жол бермеу



Жамбыл атындағы астық совхозында жуық арада алынған ағаш өңдейтін станок орнатылды. Қазір совхозда салынып жатқан үйлер үшін терезе жақтаулары жергілікті материалдардан дайындалады.

СУРЕТТЕ: комсомолецтер Вячеслав **Меркулов** (сол жақта) пен Юрий **Щенинский** терезе жақтауларын дайындауда.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

*Москвалықтардың бастамасына жауап*

# КОЛЛЕКТИВ КҮШІ

Шағын двигательдер заводының коллективі бүкілхалықтық мереке—Ұлы Октябрь мерекесінің қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылып, өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер қабылдаған болатын. Заводтың цехтары бригадалары және жеке адамдары осы дәстүрлі мереке күніне өздерінің көрнекті табыстарымен келді. Бұлардың ішінде коммунист Анатолий Иванов жолдас басқарған жөндеу-механикалық цехтың коллективі жарыстың алдыңғы қатарында болды. Міне, біздің әңгімеміз осы цех жұмысының жайына және оның адамдарына арналмақшы.

...Цех. Кең залдың екі жақ бойына қатар- қатар етіліп, әртүрлі қуаттағы токарьлық және слесарьлық станоктар орналастырылған. Олардың әрқайсысының қасында осындай озат техниканы еркін меңгерген маман жұмысшылар неше алуан бөлшектерді жаңадан жасап шығарып, ал кейбіреулеріне қайтадан өңдеу жүргізіп жатыр.

—Цех коллективі,—дейді Иванов жолдас, салмақты пішінмен, — бүкіл завод коллективі сияқты мереке құрметіндегі жарыста қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, еңбек өнімділігін 2,2 процентке арттыру, өндіріс резервтерін сарқа пайдалану, өнімнің өзіндік құнын кеміте беру, жылдық өндірістік тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шығу, үстіміздегі жылы өткен жылмен салыстырғанда өнімде кездесетін ақауды 40 процентке дейін кеміту және өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынатын өнімді 9,4 процентке жеткізу жөнінде міндеттемелер алды. Цех міндеттемелерін аброймен орындап келеді.

...ті де жасаған жоқ- ты. Қазір осы үзілісті жасауды ұйғарды білем, станокті тоқтатып қойып, бізге жақындады.

—Мен, —деді ол сәл ойланып, — токарьлық станокте 25 жылдан бері істеп келемін. Осы жылдардың ішінде маған әртүрлі станоктерде істеуге тура келді, ұзақ мерзім маған, әрине, бай тәжрибеге ие болуға зор мүмкіндік берген шығар. Ал жұмыс әдісінің жайын қазір түсіндіріп жатуға уақыт та жоқ. Оның үстіне өзің туралы «олай- бұлай» деп айту да қиын.

Біздің бұл тілегімізді цех мастері қанағаттандырды.

—Химич жолдас істеп отырған ИЖ—Т—400 станогі,— деді цех мастері Горбунов жолдас, — ең қуатты станок. Ол минутына 2000 айналым жасайды. Егер осы айналымды тиімді пайдалана білсе, токарьге бөлшектерді ең жоғары шапшаңдықта өңдеуге, сменалық тапсырманы асыра орындауға мүмкіндік береді.

Толып жатқан ұсақ детальдарды өңдеуге ететін уақытты дұрыс пайдалана білудің маңызы да зор. Ал бұл жөнінде де Химич жолдас басқаларға үлкен өнеге көрсетіп жүр. Ол алдымен өзінің назарын жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға аударады екен. Жұмысқа қажетті кескіш аспап-құралдар оның қол астында әруақытта даяр тұрады. Жұмыс үстінде іздеп жатпау мақсатымен қажет болған минутта тез ала қою үшін олар арнаулы өреге қатар-қатар қойылған.

Уақытты үнемдеудің тағы бір шарты— бұрынғы төртқырлы кілттің орнына сегіз қырлы кілтті пайдалану. Мұны өндіріске енгізудің нәтижесінде кескіштерге орна-

## Мал шаруашылығының озаттарына наградалар тапсыру

Мал шаруашылығын өркендетудегі және оның өнімділігін арттырудағы табыстары үшін республика Жоғарғы Советінің Президиумы мал шаруашылығының қызметкерлерінің үлкен бір тобына Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген мастері, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген зоотехнигі, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген мал дәрігері деген құрметті атақ берді. Совхоздардың бір топ озат мал өсірушілері Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамоталарымен наградталды.

9 ноябрьде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. Д. Оңдасынов ауыл шаруашылығының озаттарына Қазақ ССР Жоғарғы Советінің құрмет грамоталарын тапсырды. Наградалар тапсыруда республика Ауыл шаруашылығы министрлігінің және Совхоздар министрлігінің басшы қызметкерлері мен мамандары, оқымыстылар қатысты.

Құрмет грамоталары Қазақ ССР-нің социалистік мал шаруашылығына еңбегі сіңген мастерлері—Алматы облысы, Қастек қой совхозының аға шопаны М. Молдабаевқа, Алматы облысы, Түрген қой совхозының шопаны Р. Нұрбаеваға, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Сталин атындағы колхоздың бұзау күтушісі С. С. Шевченкоға, Алматы облысы, Алматы ауданындағы «Луч Востока» колхозының сауыншысы М. Д. Михальченкоға, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген зоотехнигі Павлодар облысы Песчаг ет-сүт совхозының аға зоотехнигі В. П. Лубовқа, Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген зоотехнигі Алматы облысы, Тастақ МТС-нің бас зоотехнигі Б. М. Мәмбетжановқа, Батыс Қазақстан облысы, Жамбейтин совхозының аға гуртоправы А. Мұқатаевқа, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншысы М. И. Дикке, Қызылорда облысы, Қазалы қой совхозының аға шопаны К. Бибитовке және басқаларына тапсырылды. Мал шаруашылығының 28 алдыңғы қатарлыларына және мамандарына грамоталар тапсырылды.

Грамоталарды тапсырғанда Н. Д. Оңдасынов малшылардың жұмыста бұдан былай да табысқа жете берулеріне тілек білдірді.

—Сіздерге Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамоталарын тапсырып,—деді Оңдасынов жолдас,—менің, сіздер қол жеткенмен тоқтамайды, өз тәжрибелеріңіз бен білімдеріңізді онан әрі байыта береді, республикада социалистік мал шаруашылығын өркендету және оны Отанымыздың Шығыстағы негізгі малшаруашылығы базасына айналдыру мәселесін ойдағыдай шешуде барлық мал өсірушілерді жігерлендіретін үлгі көрсетеді деген сенім білдіргім келеді.

Награда алғаннан кейін мал шаруашылығының озаттары тәжрибелерін ортаға салды, қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету және оның өнімділігін

ше өсті. Сонымен бірге, еліміздің тұрмысына белсене қатысып және өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын адал орындай отырып, дегенмен әлі де әртүрлі діни сенімдердің ықпалынан шыға алмай жүрген азаматтар да бар екенін ескермеуге болмайды. Мұндай дінге сенуші адамдарға зейін салып тыңғылықты қарауды партия әрқашан да талап етіп келді және бұдан былай да талап етеді. Ал қайсы бір совет азаматтарының діни сенімдері үшін ғана оларға саяси күмән келтіру тіпті де қыйсынсыз және зыянды. Дінге сенушілер арасында ғылми- атеистік насихатты терең мағнада, ерінбей- жалықпай, іскерлікпен жүргізу олардың бара- бара діни соқыр сенімдерден құтылуына көмектеседі. Мұның керісінше, дінге сенушілер мен шіркеу қызметін атқарушыларға қарсы әртүрлі әкімшілік шаралар қолданудың және қорлаушылық әрекеттер жасаудың тек іске нұқсан келтіруі мүмкін, олардың діни соқыр сенімдерінің бекуі тіпті күшеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

Ғылми- атеистік насихат жүргізгенде социализм еліндегі шіркеудің жағдайын қанаушылар қоғамындағы шіркеудің жағдайымен теңестіруге болмайтынын еске алу керек. Буржуазиялық қоғамда шіркеу үстем таптардың тірегі және құралы болып табылады. Бұл таптар оны еңбекшілерді құлдану мақсаттарына пайдаланады. Ал бұл жағдай кейбір шіркеу қызметін атқарушылардың капиталистік қоғамда да саясаттың бірқатар негізгі мәселелері жөнінде еңбекшілердің көзқарасы жағына шыға алатынын және шығып отырғанын бекер демейді. Бірақ мұндай шіркеу қызметін атқарушылар қанаушылар таптарының мүдделеріне қайшы келетін ниеттері үшін, әдетте, капиталистік елдердің шіркеу және үкмет топтары тарапынан әртүрлі қыспаққа түсірілуде.

Патшалық Россияда шіркеу самодержавиеге, помещиктер мен капиталистерге айнымастан қызмет етіп, халық бұқарасының қатал қаналуын ақтап, еңбекшілерге қарсы күресте қанаушыларды қолдап келген болатын. Сонымен қатар, Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін іле-шала азамат соғысы жылдарында және одан кейінгі кездерде көптеген діни ұйымдардың, діншілдер топтарының Совет өкметіне дұшпандықпен қарағаны да жұртқа мәлім. Осымен байланысты кейбір дін қызметін атқарушылар діни қызметі үшін емес, ішкі контрреволюция мен қажет деп санайды.

Орталық Комитет мынаны еске салады: ғылми-атеистік насихатты табиғат пен қоғам тіршілігіндегі неғұрлым маңызды құбылыстарды, әлем дүниесінің жаратылуы, жер бетінде тіршіліктің және адамның пайда болуы сыяқты мәселелерді, табиғат пен қоғам дамуына материалистік көзқарастардың дұрыстығын дәлелдейтін астрономия, биология, физиология, физика, химия ғылымдары мен басқа да ғылымдар саласындағы табыстарды тартымды етіп түсіндіруге негіздеп жүргізу керек.

СОКП Орталық Комитеті ғылми- атеистік насихат жүргізу лекторларды, баяндамашыларды, дінге қарсы тақырыптардағы мақалалар мен кітапшалардың авторларын іріктеп алуға мейлінше тыңғылықты, зейін салып қарауды талап ететінін атап көрсетеді. Бұл жұмысқа ғылми жағынан неғұрлым маман кадрлар ғана: діннің ғылымға жат сыйпатын дүниеге материалистік көзқарас тұрғысынан көз жеткізе түсіндіріп бере алатын мектеп мұғалімдері, техникумдар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары, дәрігерлер, ауыл шаруашылығының мамандары, әртүрлі ғылми- зерттеу мекемелерінің қызметкерлері, әдебиет пен искусство қайраткерлері және басқалар қатыстырылуға тиіс.

СОКП Орталық Комитеті былай деп санайды: еңбекшілер арасындағы біздің бүкіл мәдени- ағарту жұмысымызды онан әрі өрге бастырып, мәдениет сарайларының, клубтардың, кітапханалардың, оқу үйлерінің, лекторийлердің, мәдениет және демалыс парктерінің, басқа да мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысын едәуір жақсартқанда ғана діни сенімдердің сарқыншақтарын жоюға бағытталған тәрбие жұмысында жақсы нәтижелерге жетуге болады. Сондықтан халықтың арасында мәдени- ағарту жұмысын түбірінен жақсарту, сөйтіп еңбекшілердің мәдени дәрежесін онан әрі арттыруға жету партия ұйымдарының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың міндеті болып табылады.

***СОКП Орталық Комитетінің секретары Н. ХРУЩЕВ.***

10 ноябрь 1954 жыл.

**(«Правда», 11 ноябрь).**

Иванов жолдас айтса айтқандай, цех жұмысшылары мен инженер- техник қызметкерлері ынтымақтаса еңбек етіп, мұнан төрт ай бұрын жарты жылдық өндірістік жоспарды анағұрлым асыра орындаған. Сөйтіп заводтың Ауыспалы Қызыл туына ие болған. Олар Ауыспалы туды өздерінің қолында осы күнге дейін ұстап келеді. Цехта өндірістік тапсырмасын орындамайтын бірде- бір жұмысшы жоқ. Цех коллективінің 60 проценті өндіріс программасын асыра орындайтын озат адамдар болып табылады.

Цех және завод құрмет тақталарына токарь Иван Химичтің, слесарьлар Павел Романовтың, Иван Бардачевтің, слесарь-монтажшы Александр Пакетовтың, жонушы Василий Корминнің және басқаларының есімдері жазылған. Иван Химичтің фамилиясының тұсында 350 — 400-деп жазылған цифрлар тұрса, Романов, Бардачев, Пакетов жолдастардың фамилияларының тұсында 250—300 деп жазылған цифрлар тұр. Бұл—олардың өндірістік көрсеткіштері.

—Токарь Иван Химич —жалғыз біздің цехымыздың ғана емес, — дейді Иванов жолдас, —бүкіл кәсіпорнының мақтанышы, ең таңдаулы адамы. Ол соңғы төрт-бес жылдың ішінде өзінің айлық өндірістік тапсырмасын 3-4 еседен асыра орындап жүр. Оның жұмыс процестерімен танысқыңыз келсе, тікелей сол араға барайық.

Химич жолдас қуатты ПЖ—Т—400 станогінде жұмыс істейді екен. Токарь кнопканы басып қалып еді, станоктің бөлшекті өңдеу үшін орналастырылған патрон —білігі шыр айналып жүре берді. Өткір кескіш білектей сом темірді айналдыра буындап, жона бастады. Өңделіп жатқан бөлшектің кем-кетігін тексеру үшін болу керек, токарь станокті аз тоқтатып қойды. Қолына штангель циркулін алды да бөлшекті байқап көрді. Сөйтті де станокті қайта іске қосты...

Сменалық жұмысқа кіріскелі екі сағаттан астам уақыт болған еді. Бірақ әл іске қызу кірісіп, 5—10 минуттік үзіліс- ... тын уақытты 20—25 процентке дейін қысқартуға мүмкіндік туды.

—Міне, Иван Химичтің негізгі іс әдістері және оның еңбек өнімділігін арттырудағы қолы жеткен табыстары осылар,— деп бітірді сөзін цех мастері.

Мұнан соң мастер сменалық жұмыстың аяқталуына үш сағаттай уақыт қалғанда Химич жолдасқа 2 деталь әкеп тапсырды.

—Мына подшипник пен шпиндельге өңдеу жүргізу керек. Бұлар механикалық цехтағы станок үшін қажет болып тұр.

—Жақсы—деп жауап қайтарды да токарь детальдарды өңдеуге жедел кірісті.

Көп кешікпей Иван Химич әлгі детальдардың дайын болғандығын хабарлады.

—Бұл детальдарды өңдеу үшін нормада қанша уақыт көрсетілген?—деп сұрадық біз мастерден.

—Үш сағаттан артық. Ал Химич жолдас оларды небары бір сағаттың ішінде өңдеп бітірді.

—Біздің цехымыздың таңдаулы адамдарының қатарына,—деді Иванов жолдас,—сол сыяқты, слесарь Павел Романов та жатады. Ол өндіріс озаты, цех партия ұйымының секретары. Өзінің өндірістік ісімен де, жалынды үгітімен де ол цех коллективіне үлгі болып жүр.

Жөндеу -механикалық цехының коллективі мұнымен бірге құю цехына автоматты конвейер орнату ісіне де зор көмек көрсетті. Олардың инициативасы бойынша металға дөңгелек мәнер, сызық салатын станок жасалады. Бұл—заводта бір қалыпты жұмыс істеуге, металл шығынын азайтуға мүмкіндік берді.

Жөндеу-механикалық цехының коллективі Октябрь мерекесінің қарсаңындағы міндеттемесін де аброймен орындап шықты. Олар үстіміздегі 10 айдың өндірістік жоспарын 109 процент орындады. Бұдан үш ай бұрын завод бойынша тапсырылған Ауыспалы Қызыл туды қолдарында берік ұстап қалды.

**Р. УӘЛИЕВ.**

... арттыру мәселелері жөнінде пікір алысты.

# Әр сыйырдан 3380 килограмм сүт

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының сауыншылары өзара социалистік жарысты барынша өрістете отырып, быйыл Ұлы Октябрь мерекесін өндірістік зор табыстармен қарсы алды. Олар үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде әрбір сауын сыйырдан орта есеппен алғанда 3380 килограмм сүт саууға жетісті. Бұл 1953 жылғы он айы ішінде әрбір сыйырдан сауылған сүттен 155 килограмм артық. Сонымен бірге осы уақыттың ішінде мемлекетке 386 центнер сүт былтырғыдан артық тапсырды.

Социалистік жарыста, әсресе № 1 ферманың сауыншылары алда келеді. Мұнда әрбір сауын сыйырдан алынған сүт орта есеппен 3497 килограмға жетті. Ал Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысқан озат сауыншы М. Дик жолдас өзіне бекітіліп берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан 4448 килограмм сүт сауды. Тюненен жолдастың әрбір сыйырдан сауып алған сүті 4315 килограмға жетті. Сол сыяқты, № 2 ферманың сауыншысы П. Анохина, П. Доцкова жолдастардың көрсеткіштері де айта қаларлықтай.

Совхоздың мал күтушілері мен бұзаушылары да өз міндеттерін аброймен орындап келеді. Малшы А. Кузнецова жолдас өзіне бекітіліп берілген малдың күтімін жақсарта отырып, олардың әрқайсысының тәуліктік салмақ қосуын жоспардағыдан 500 грамм арттырды. Бұзау күтуші Селютина жолдас әрбір бұзаудың тәуліктік салмақ қосуын 900 грамға жеткізді.

Кәзір мал қолда-қорада күтіле бастады. Мал өсірушілер қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, сыйырлардың сүттілігін, малдың қондылығын бұдан былай да арттыра беру мақсатымен бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Совхозда малға қажетті құнарлы жемшөп қоры мол дайындалды. Қоралардың барлығы сапалы жөндеуден өткізіліп, пайдалануға берілді.

**Ғ. ШАЙМЕРДЕНОВ.**

# Совхозды рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналдырайық

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы облыста алдыңғы шаруашылық болып саналады. Ол үстіміздегі жылы бітік егін өсіріп, мол өнім жыйнады. Мемлекетке астық тапсыру жоспары 157 процент, пар мен зябь жырту жөніндегі жоспар 110 процент орындалды. Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша 100 гектар жер қайырмасыз плугпен сапалы жыртылды.

Совхоз мал шаруашылығын өркендетуде, оның өнімділігін арттыруда жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мал өсіру жөніндегі жылдық жоспар барлық түлік бойынша артығымен орындалды. 1954 жылдың өткен он айында әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 3380 литрден сүт сауылды. Ал Дик, Пюненен, Анохина сыяқты озат сауыншылардың көрсеткіштері мұнан да жоғары — 4440-4450 литрден.

Партия ұйымының жақында болып өткен есеп беру -сайлау жыйналысы совхоздың шаруашылығын өркендетуде қол жеткен табыстарын қанағаттанғандықпен атап көрсетті. Совхоз коммунистері еңбекте өнеге көрсетіп, басқаларды сонда рынан ерте білді. Мәселен, коммунистер комбайншы Хрущев маусымдық тапсырманы 130 процент орындады. Дрягин басқарған ферма совхоз бойынша жарыста бірінші орынға ие болып келеді.

Сонымен қатар, совхоз коммунистері өздерінің сөздерінде партия ұйымының шаруашылыққа басшылық ету ісінде елеулі кемшіліктер бар екенін айтты.

Есеп беру -сайлау жыйналысы партия ұйымының жұмысын онан әрі жақсарта беру жөнінде шаралар белгіледі, партия бюросының құрамын сайлады.

**С. ИВАНОВ.**

* * *

Тоқшын совхозы партия бюросының секретары И. Скопенко жолдастың партия бюросының жұмысы туралы есепті баяндамасын коммунистер қызу талқылады. Олардың бәрі де шаруашылықты өркендетуде қол жеткен табыстарға сын көздерімен қарап, жұмыстағы кемшіліктерге назар аударды.

Совхоз шаруашылық жұмыстарын орындауда үнемі алда келді. Бірақ мұнан оның жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тумайды. Ол егін жыйнау кезінде әрбір гектардан 2-3 центнер астықтың ысырапқа ұшырауына жол берді. Мал шаруашылығын ұйымдастыруда кемшіліктер жоқ емес.

Мұның себебі совхозда партиялық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болуынан. Коммунист Мұхамеджанов жолдас айтқандай, алыстағы фермалардағы партия топтарының жұмысы бетімен жіберілген.

Совхоздың негізгі кәсібі мал шаруашылығы осылай болғандықтан партия ұйымы мал фермаларына коммунистерді көптеп жіберуге тиіс еді. Бірақ бұлай болмай отыр. Партия ұйымындағы 54 коммунистен мал шаруашылығында небары 9-ақ адам жұмыс істейді. Осы сыяқты партия ұйымы өзінің қатарын озат мал өсірушілер есебінен толықтыру ісіне немкетті қарап келеді. Жыл бойы мал өсірушілерден бірде-бір адамның партия қатарына қабылданбауы бұған айқын дәлел. Коммунистер Бацула, Метрощин жолдастар міне осы жөнінде айтты.

Партия ұйымының есеп беру- сайлау жыйналысы совхозды рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналдыру ұранымен өтті.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**

# Көтеріңкі міндеттеме

Қаладағы Сталин атындағы кәсіпшілік артелінің коллективі үстіміздегі жылы москвалықтардың іс тәжрибелерін өндірісте кеңінен қолданып, жылдық өндірістік тапсырманы Советтік Конституция күніне дейін орындауға, еңбек өнімділігін 5 процентке дейін арттыруға міндеттенген болатын. Олар алған міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді. Өткен он ай ішінде артель өндірістік жоспарды 110,3 процент орындаса, соңғы октябрь айындағы жұмыс көрсеткіші 130 проценттен астам болды.

Бұл кәсіпшілік артелінің цехтарында еңбек ететін барлық жұмысшылар өздеріне жүктелген өндірістік міндеттемені үнемі артығымен орындайды. Оған мысал ретінде етік пішіп даярлайтын цехты (бастығы Рудковский жолдас) алуға болады. Бұл цех артель бойынша социалистік жарыста еңбектің озат үлгісін көрсетіп үнемі алда келеді. Мұндағы Новоселова, Вишнякова жолдастар сменалық өндірістік тапсырманы 150-200 процентке дейін артығымен орындап жүр. Цех коллективіне жақында «мінсіз сапалы өнім шығаратын цех» атағы беріліп, артельдің Ауыспалы Қызыл туы тапсырылды.

Социалистік жарыста мастер Золотин жолдас басқаратын № 6 цех коллективінің де өндірістегі көрсеткіші аса жоғары. Бұл цех он айлық тапсырманы 119,5 процентке орындады. Цехтағы етікшілер Жирба он айлық тапсырманы 278 процент, Лапина 200 процентке орындап шықты.

Бұл күндері артельдің барлық коллективі Москва қаласының алдыңғы қатарлы өндіріс орындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға, өнімді көп және сапалы шығаруға алған міндеттемелеріне нақтылы іспен жауап беру үшін қажырлылықпен еңбек етіп, жылдық өндірістік жоспарды 1 декабрьге дейін орындап шығуды ұйғарды.

**И. СЕРОВ.**

# Жаңа құрылыстар

Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозында қоғамдық құрылыстар салу жұмысы кеңінен жүргізілуде. Колхозда бір қарамал қорасының құрылыс жұмысы бітіп, пайдалануға берілді. № 2 бригадада мектеп үйінің құрылысы да аяқталған. Мұнда оқу-тәрбие жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге барлық жағдайдың жасалуы қарастырылған.

Сол сыяқты, жаңадан салынып жатқан клуб үйінің құрылысы да аяқталып келеді. Ол жақында пайдалануға берілмек. Онда көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейтін болады. Колхоз мүшелері үшін жиі-жиі концерттер қойып, сауық кештерін өткізу жоспарланып отыр.

**Б. ҚАРАЖАНОВ.**

# Сапалы тұқым—мол өнімнің негізі

*Агрономиялық кеңес*

## Тұқымды сақтау жолдары

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының каулылары халықтың және бүкіл халық шаруашылығының өсіп отырған қажетінің қанағаттандырылуы астық өндіруді арттыруға тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Сөйтіп елімізде таяудағы екі- үш жылдың ішінде халық үшін азық-түлік өнімдерін және жеңіл өнеркәсіп үшін шикізаттың молшылығын жасаудың нақты жолдарын белгіледі.

Біздің облыстың колхоздары мен совхоздары партиямыз бен үкметіміз алға койған жаңа міндет —астық өндірісін арттыру үшін тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру ісін де табысты жүргізуде. Кәзір бұл жөніндегі жылдық жоспар облыс бойынша артығымен орындалды. Демек, көктемгі егістің дені осы жаңа игерілген жерлерге егіледі.

Егіннен тұрақты және мол өнім алу үшін тың және тыңайған жерлерді көптеп игерумен бірге кондициялы тұқымның аудандастырылған сорттарын мол дайындаудың маңызы ерекше зор. Жоғары сортты кондициялы тұқым — мол өнімнің негізі. «Не ексең соны орасың» дейді халық мақалы. Сондықтан келесі жылы егіннен мол өнім алуды қамтамасыз ету үшін оған осы бастан сапалы тұқымды әзірлеу керек.

Тұқым әдетте стандартты астық коймаларында сақталады, ол тек бір қысылтаяң кездерде ғана жабық қырмандар мен басқа сондай қолайлы орындарда сақталуы мүмкін.

Тұқымды түгел күйысымен оны себуге жарамды сапаға жеткізу керек. Тұқым кондициялығы мемлекеттік стандартпен белгіленеді. Кондициялығы төмен тұқымдарды себуге қатаң тыйым салынады.

Өнгіштік сапасына қарай тұқымдар класс- класқа бөлінеді. Мүмкіншілігінше тұқымның бірінші класта болуын камтамасыз ету керек. Қолда бар тұқымды қайталап тазартумен оны бірінші класты дәрежеге жеткізуге болмаған және одан басқа тұқым жоқ болған жағдайда ғана екінші сортты тұқымды пайдалануға рұқсат етіледі. Үшінші сортты тұқым дақылдың осы түрлері мүлдем жоқ болған күнде ғана пайдаланылады. Таза, ірі, құрғақ, өнгіштігі мол мемлекеттік стандарт талабына сай келген тұқым ғана бірінші сортқа жатады.

Тұқымды тазарту және сорттау үшін пайдаланылатын машиналар өте көп. Олар —№ 5 веялка- сортировка, № 2 («Триумф») сортировка, триер, «ВИМ-СМ-1» астық тазартқыш машинасы, жоңышка тазартқыш, магнитті машина және зернопульт.

Жұмысқа кірісер алдында әрбір астықтазартқыш машиналарды дұрыстап реттеу қажет. Тазаланатын дақылға және астықтың сорттарына байланысты електердің дұрыс іріктелуі, дәннің салмақтылығына

«ОС-1», «ОС-3», «ВИМ-МС-1» сыяқты күрделі астықтазартқыштары дәннің салмағы мен сапалығына, кейде толықтылығына қарай тазартады. Бұл тұқымдық материалдың жоғары сапалы болуын қамтамасыз етеді. Әрине, мұндай күрделі машиналар барлық жерлерде бірдей жоқ. Сол себепті тұқымдық астықты веялка, сортировка және триермен бірнеше рет ақтау арқылы жоғары сапалы етіп тазартуға жетісу керек.

Астық тазарту кезінде дәннің көлемімен бірге оның сыртқы формалары да еске алынады. Өйткені, бір дән жылтыр тегіс болса, екінші дәннің сырты қауызды, я тікенді болады. Бір дақылдың тұқымы ішінде екінші бір дақыл аралас болған жағдайда, оларды арнаулы тазартқыштармен ақтайды. Мысалы, қарасұлыны бидайдан айықтыру үшін арнаулы түкті жылжымалы полотно пайдаланылады. Сонда сырты қауызды қарасұлы полотноға ілініп жоғары өрлейді де, бидай дәні сырты тегіс болғандықтан төмен құйылады.

Ал жоңышқа аралас бедені (люцернді) тазарту әдісі бұдан басқаша. Ол үшін аралас беде тұқымына темір ұнтақшасы араластырылады. Мұнда сырты қауызды жоңышқа тұқымы темір ұнтағын бойына көп жыйнайды. Ал сырт формасы тегіс беде тұқымына темір ұнтағы жұқпайды. Осыдан соң жоңышқа аралас беде тұқымы магнитті машинадан өткізіледі. Магнитті машина темір ұнтағы аралас жоңышқа тұқымын барабанға тартып, сыртқа шығарып тастап отырады.

Әбден тазартылған тұқым лабораториялық бақылауға жіберіліп, өнгіштігі тексертіледі. Әр дақылдан тексеруге жіберілетін тұқым дәнді және бұршақ тұқымдас дақылдардың 200 центнер көлемінен, тары, кендір 80 центнерден, беде және тамыржемісті дақылдар 20 центнер мөлшердегі тұқымнан алынған болуға тиіс.

Орта есеппен әр дақылдан тексеруге жіберілетін тұқым мөлшері мынадай: бидай, арпа, жүгері, бұршақ, күнбағыс тұқымы —1000 грамм, тары, кендір, асқабак, қызылша тұқымы —500 грамм, могар, суданка тұқымдары — 200 грамм, чумиза, қыяр, қауын тұқымдары — 100 грамм, овощь дақылдары тұқымынан — 50 грамм.

Көктемгі егіс басталуға 20 күн калғанда тұқымның өнгіштік сапасы екінші рет тексерілуге тиіс.

Тұқымдық астықтың сақтау кезінде өнгіштік сапасы төмендеп, қызып, бүлінбеуі үшін оны қоймаға негізгі агротехникалық ережелерге сай калыңдықта құюды қамтамасыз ету керек. Мысалы, дымқылдығы 14 процент бидай, сұлы, арпа, тары дақылдары тұқымдарын коймаға 2,0—2,5 метр калыңдықта төгуге болады. Ал дымқылдығы 17 процент тұқымдық дақылдардың калыңдығы 1,5—2,0 метрден аспауға тиіс.

жылылығын үнемі өлшеп, біліп отырған жөн. Астықтың қыза бастағаны байқалса дереу күрекпен араластыру керек және бұрынғыдан гөрі қалыңдығын жұқартып, тез кебуіне жағдай туғызу керек.

Бұл кездердегі күрделі және қол еңбегін көп керек ететін жұмыс — астықты аударыстыру. Соңғы уақытқа дейін бұл жұмыс қолмен атқарылып келді. Өткен жылғы облыстық ауылшаруашылық көрмесінде Киров атындағы астық совхозы механизаторларының жасап шығарған механика күшімен көсетін күрек көрініске қойылды. Механикаландырылған күрек екі доңғалақты арбашаға орнатылған электромотор күшімен жүреді, ол бір орыннан екінші орынға жеңіл жылжытылады. Мұндай күректің көмегі арқылы бір адам бір сағатта 15 тонна астықты аударыстырып үлгереді. Бұл қызып бара жатқан тұқымды аман сақтап қалудың бірден -бір құралы. Күрек жалпы құрылысы жағынан оңай. Оны барлық совхоздар мен МТС- тердің механикалық мастерскойларында оңай істеп алуға болады.

Тұқымдық дақылды құрғату үшін «Висхом» және «Кузбасс» астық кептіргіштері пайдаланылады. Оған дымқылдығы 19-20 проценттен жоғары емес тұқым өткізіледі. Өйткені, бұдан дымқыл дақыл машинадағы ыстықпен қуырылып қалады да, өнгіштігі кемиді. Сондықтан аса дымқыл тұқымды зернопультпен ұшыру арқылы құрғатқан жөн.

«Висхом» және «Кузбасс» астықкептіргіштерін пайдаланғанда машина ішінде астықтың бірқалыпты жүруіне ерекше назар аудару керек. Ал іштегі ауаның қызуы 28- 35 градустан аспауға тиіс. Өйткені, бұдан жоғары ыстық тұқымның өнгіштік сапасын жойып жіберуі мүмкін. Машина ішіне астық аз түссе, температураны төмендету керек болады. Осылайша кептірілген тұқым қалыңдығы 1,5—2 метр етіліп қоймаға сақтауға құйылады. Кептіруден өткен тұқым міндетті түрде тексеру лабораторияларына кондициялығын айыруға жіберілуі тиіс.

Күзгі тұқым алғаш құйылған кезде және көктемгі жылмық түсе бастасымен тұқымдық астықты күн сайын тексеріп, тұру қажет, ал қыстыкүні 2—3 күнде бір тексеріледі.

Колхоз, совхоздарда тұқым тазарту жұмысын суық түскенше толық аяқтауды қамтамасыз ету керек. Өйткені, астықты қыс айларында суықта тазарту шығымдылық сапасын жояды.

Әрбір колхоз бен совхозда кем дегенде жаздық бидайдың үш сорты болуға тиіс. Атап айтқанда, қатты бидай Гордейформе-10—25-30 процент, Смена — 40-45 процент, болмаса Цезиум 111—40-45 процент, Мильтурм 553—30-35 процент. Игеріліп жатқан тың және тыңайған жерлерде мұндай қатты бидай тұқымы жақсы өнім беруде.



Өскемендегі металлургшылар поселкесінде 56 пәтерлі тұрғын үй құрылысында алғаш рет үйді темірбетонды тақталармен қаптау қолданылды.

СУРЕТТЕ: тас қалаушы **Я. Колесников** (сол жақта) пен бригадир **В. Мусорин** темірбетонды қаптағыш тақталарды орнатып тұр.

**(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).**

## Тұтынушылар қоғамы коллективінің табысы

Конюхов аудандық тұтынушылар қоғамының коллективі өздерінің еңбекшілер алдындағы құрметті борыштарын абройімен өтей отырып, елеулі табыстарға ие болып келеді. Олар товар айналымының айлық жоспарын 117 процент орындады. Аудан еңбекшілеріне жоспардан тыс 2 миллион 259 мың сомның көпшілік қолды товарлары артық сатылды. Тұтынушылардың тілегін өтеуде, әсресе, Конюхов селолық тұтынушылар одағы (председателі Киселев жолдас) жақсы нәтиже көрсетті. Бұл тұтынушылар одағы жылдық жоспарды он айдың ішінде 100,9 процент орындады. Сол сыяқты, ауданның сатушылары Дегтярева, Кулешева, Плетнев жолдастар өз жоспарларын 115-140 процент орындап, табысты еңбек етіп жүр.

Ауданның тұтынушылар қоғамының коллективі жылдық жоспарды 20 ноябрьге дейін орындап шығуға міндеттенді.

**Н. ӘБІЛОВА.**

## Малшыларға сыйлық берілді

Мамлют ауданы, Каганович атындағы колхоздың мал өсіруші озаттарының саны жыл санап көбеюде. Асыл тұқымды жылқы фермасының меңгерушісі Х. Яфаров және бақташы В. Ханыков жолдастар мал басын шығынсыз аман өсіргені үшін жыл сайын жүлде алып келеді. Олар үстіміздегі жылы да мал шаруашылығында көрнекті еңбек етулерінің нәтижесінде әр қайсысы

## Автомобиль жүргізушілер арасында еңбек тәртібі жақсартылсын

Автомобиль транспортында істейтіндерге маскүнемдіктің тигізетін зияны аса зор. Арақ ішкеннен кейін шоферға машинаны шапшаң жүргізсем деген ниет пайда болады, оның бойын арақ билеп, күшінен айрылады. Қажет бола қалған кезде алда тұрған бөгеттен хауіпсіз өтудің амалын тез ойлап таба алмайды және оның машинаны тоқтатуға күші де жетпей қалады. Сөйтіп, жолда машинаны апатқа ұшыратады.

Совхоздар министрлігі автомобиль базасының шоферы В. Фомин Марьевка селосына барғанда 15 июль күні арақ ішеді де, мас күйінде сапарға шығады. Ол келе жатқан жолынан адасады, сөйтіп машинаны апатқа ұшыратады. Соның салдарынан Фоминнің өзі өлді, ал екі жүк тиеуші жараланды және машина қыйрап қалды.

8 октябрь күні «Союззаготтранстың» Қиялы авторотасының шоферы Ильин Шағлы совхозында арақ ішеді де астық тиеп және 2 жолаушы отырғызып жолға шығады. Ол машинаның жүру жылдамдығын арттырып, жол жүру тәртібін өрескел бұзады. Ақыры машинаны қарсы келе жатқан бензин тасыйтын машинаға соқтықтырады. Машинада отырған Бутюнина дейтін жолаушы 11 метр алыстыққа ұшып барып түседі, ол қатты жараланып өлді, екі машинаның екеуі де қатардан шығып қалды.

Сол сыяқты, Булаев ауданындағы Совет астық совхозының шоферы мас қалпында совхоздың екінші бөлімшесінен сапарға шығып, жоғары жылдамдықпен келе жатқан бетінде атпен келе жатқан осы совхоздың жұмысшылары М. Богданов пен И. Андреевті машинамен қағып кетеді. Соның салдарынан Богданов өлді, ал Андреев қатты жараланды.

Кейбір жеке машинасы және мотоциклі бар азаматтар да көшеде жүру тәртібін өрескел бұрмалайды және авария жасайды.

Мәселен, өзінің жеңіл автомашинасы бар Тельмин дейтін бір жұмысшы арақ ішкеннен кейін машинасымен серуендеп келуге шыққан, сөйтіп өзі апатқа ұшыраған.

Рас, барлық машина жүргізушілерді маскүнем, олардың білімі кем деу мүлде қате болар еді. Біздің социалистік автомобиль транспортымызды жүргізушілердің көпшілігінің жеті класс көлемінде жалпы білімі бар, олардың барлығы дерлік автомобиль оқу орындарында арнаулы даярлықтан өткен және саналы азаматтар. Машина жүргізушілер елімізде жүргізіліп жатқан барлық саяси және шаруашылық шараларға әрқашан белсене қатысып отырады, олардың ішінде пайдалану материалдарын үнемдеу, автомашиналардың жөндеу аралығындағы жол жүруін ұзарту үшін күресуші өндіріс жаңашылдары да аз емес.

Милиция органдары автомобиль транс-

Бірақ фактілер машина жүргізушілер арасында маскүнемдіктің жиі кездесетінін көрсетеді. Мұның себебі неде? Соған тоқталайық.

Автомобиль транспортындағы маскүнемдікке салынушылықты тексеру корытындылары автомобиль шаруашылықтары басшыларының, бастауыш партия ұйымдарының, кәсіподақ, комсомол және қоғам ұйымдарының транспортта маскүнемдікке қарсы күрес жүргізу мәселесіне мүлде жеткіліксіз көңіл бөліп келгендігін көрсетеді. Кейде бұл ұйымдардың басшылары шоферлардың бір-екі рет мас болып келгенін, олардың сол күйінде сапарға шыққанын біле отырып үндемей қала береді. Бұл дұрыс емес. Қоғамдық тәртіпті сақтайтын заңдарды бұзушы кейбір жеке адамдар коллектив тарапынан, партия және қоғам ұйымдары тарапынан қатты сыналып отырылмаған. Бұл бұл ма, шаруашылық ұйымдардың жекелеген басшылары мен жауапты адамдарының маскүнемдіктің өрістеуіне тікелей өздері себепші болып отырғандығы туралы да тәжрибеде көптеген фактілер кездеседі.

Мәселен, осы жылғы августа Мамлютка поселкесінде ШТ 32-52 номерлі ГАЗ-51 автомашинасын тоқтатқанда оның шофері Симухин мен авторотаның инженер-механигі Шляпниковтің мас екендігі анықталды. Тексере келгенде бұл екеуі ешбір жұмыссыз Петропавлға барып, «Север» ресторанында арақ ішкендігі, мас күйінде Мамлютқаға баруға шыққандығы анықталды.

Міне, бұл фактілердің барлығы кейбір жекелеген шоферлардың санасының төмендігі, шаруашылық басшыларының және жеке адамдар тарапынан шоферлардың маскүнемдікке салынуына жол берілуі біздің қоғамымызға жат қылықтардың азда болса әлі күнге жойылмай келуіне басты себеп болып отырғандығын дәлелдейді. Біздің елімізде аса маңызды саяси және халықшаруашылығындық міндеттерді шешуде зор роль атқаратын автомобиль транспортында бейбастақтарға, маскүнемдер мен соларға ұқсастарға орын жоқ. Коммунистік қоғамның тең праволі құрылысшылары болып саналатын автомобиль транспортын жүргізушілер құрамы өз қатарында маскүнемдер мен машинаны апатқа ұшыратушылардың болуына шыдамдылық жасап отыра алмайды.

Әрбір машина жүргізуші, автомобиль транспортының әрбір қызметкері автомобиль транспортындағы маскүнемдікке қарсы батыл күрес жүргізуге, маскүнемдіктің зияндылығын және хауіпті екендігін жолдастарына түсіндіріп, оларды ішкілікке салынудан сақтандырып отыруға тиіс.

Автомобиль транспортында қоғамға өзінің зор зиянын тигізетін маскүнемдікке қарсы күрес жүргізу барлық жұртшы-

шарт. Сондықтан веялкалардың електерінің әртүрлі болуын қамтамасыз ету керек.

стандартты емес қоймаларда тез қызып бүлінеді. Сондықтан сақтауда жатқан тұқымдық дақылдың термоштанг арқылы

В. КАФАРЕНА.

Петропавл совхоздар тресінің бас агрономы.

15 пұттан қосымша астық алды.

Мал басын аман өсіріп жас төлдерді күтуде. Бадер жолдастың да еңбегі ерекше. Ол қарауындағы 37 бұзауды шығынсыз аман өсіріп, олардың тәуліктік салмақ қосу көрсеткішін орта есеппен 700 грамға жеткізді. Бекітіліп берілген малды шығынсыз өсіргені және олардың тәуліктік салмақ қосуын нормадан арттырғаны үшін колхоз басқармасы бұзау күтуші А. Бадерге қосымша ақыға біржарым мың литр сүт берді.

Б. МҰХТАСЫНОВ.

портындағы маскүнемдікке қарсы күрес жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізіп отырады. Бұл мәселеге арналып плакаттар, листовкалар шығарылады, шоферлармен жиналыстар және әңгімелер өткізіледі.

Егер шофер рульде отырғанда мас екендігі анықталса 6 айға дейін машина жүргізу правосынан айрылатынын да машина жүргізушілер жақсы біледі.

лықтың, әрбір азаматтың және ең алдымен шаруашылық басшыларының, бастауыш партия, кәсіподақ және қоғам ұйымдарының пісуі жеткен және кезек күттірмейтін міндеті.

С. САНЬКО.

Ішкі істер министрлігі облыстық басқармасының мемлекеттік автомобиль инспекциясының бастығы.

## Тұқым мол құйылды

Мичурин атындағы колхозда (Конюхов ауданы) келесі жылы егіс көлемі быйылғыдан анағұрлым көп ұлғайтылады. Осыған байланысты мұнда пар мен зябь жырту жоспарлары артығымен орындалып отыр. Келесі жылдың егісі үшін әзірленген жерлердің басым көпшілігі тың және тыңайған жерлер.

Мұнымен бірге қазір колхоздың қоймасында мыңдаған центнер тұқым бар. Колхозшылар тұқымды тазарту жұмысын ұйымшылдықпен жүргізуде. Осының нәтижесінде қазір 2665 центнер бидай, 590 центнер сұлы, 200 центнер арпа тұқымдары сапалы тазартылып, ұқыпты сақталуда. Колхозда бұлардан басқа 15 центнер күнбағыс, 12 центнер рыжик, 8 центнер лен, 600 центнер картоп тұқымы бар. Олар да жақсы жабдықталған қоймаларда сақталуда.

М. БОРЦОВ.

## Келесі жылдың егісі үшін

Аманкелді атындағы колхоздың (Преснов ауданы) басқармасы алдағы жылдың егісіне жан-жақты әзірленуді қамтамасыз ету күресін ойдағыдай ұйымдастыруда. Алдымен мұнда егіннен мол өнім алудың шарты — сапалы тұқым дайындау ісі мықтап қолға алынды.

Колхоз келер жылы 8044 гектар алаңға егіс егеді. Бұған жоспар бойынша 8790 центнер тұқым әзірлеу керек еді. Бұл жоспар іс жүзінде артығымен орындалып отыр. Қазір колхозда 9652 центнер түрлі дақылдар тұқымы бар.

Тұқымның өнгіштік сапасын кемітпей, таза сақтауды қамтамасыз ету маңызды міндет. Сондықтан колхоз сегіз мың центнер астық сыятын стандартты қойма салып, оны пайдалануға берді. Қазір тұқым қорының 6500 центнері осы қоймада сақталады.

Колхозда тұқым тазарту жұмысына 22 адам бөлінген. Олардың барлығы да іске жаппай белсенді қатысып жүр. Әсересе Төлегенова, Сұлтанова жолдастардың еңбегі ерекше көзге түсуде. Бұлардың әр қайсысы күндік нормаларын бір жарым есе орындайды.

Тұқымның сапалы тазаланып, жоғары кондицияға жетуі үшін астық тазартуға тәжрибеде байқалған ең тәуір астық тазартқыштар пайдаланылуда. Қазіргі тұқым тазартқыштар ішінде «Красный партизан» колхозының мүшесі Романенко жолдастың конструкциясы бойынша жасалған бір веялка және бір-бірден «Жуков», «Клейтон» веялкалары бар. Бұл веялкалардың барлығы да тұқым актауға кіріскен күннен бастап, тиімді пайдаланылып келеді. Барлық тұқым бір рет тазартылды.

Қ. САҒЫНАЕВ.

## Жол құрылысында

Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, еңбек өнімділігін еселеп арттырғаны үшін Петропавл-Марьевка жол құрылысының біраз жұмысшылары облыстық кәсіпшілер одағы советінің грамотасымен наградталды.

Наградталғандардың ішінде № 543 жол пайдалану участогінің механизаторлары А. Сечин және Р. Кин жолдастар бар. Олар жол құрылысын тез аяқтау үшін еңбек өнімділігін бұдан былай да арттыра түсуде.

## „Абай“ пьесасы мектеп сахнасында

Ленин орта мектебінде көркемөнерпаздар үйірмесі жұмыс істейді. Оған мектептің оқытушылары мен оқушылары көптеп қатысады. Үйірме мүшелері колхозшылар мен оқушылар алдында үнемі концерт беріп, пьесалар қойып көрсетіп отырады. Жақында мұнда оқытушылардың күшімен М. Әуезовтың «Абай» пьесасы қойылды. Екі рет қойылған бұл пьесаны колхоз еңбекшілерінің барлығы көрді.

Пьесаға қатысушылар Жахин (Айдар ролінде), Қасымова (Ажар ролінде), Бектұров (Оразбай ролінде) жолдастар өз рольдерін өте табысты ойнады. Әсересе Абай ролі Жылкелді Мұқановтың орындауында жақсы шықты. Мұқанов халық үшін қызмет еткен данышпан ақын Абайдың бейнесін жасау үшін көп еңбек еткен.

Пьесаға қатысушылар сахнаны көркемдеуге, сахнада Абай өмір сүрген заманның көрінісін көрсетуге де көп көңіл бөлген. «Абай» пьесасы көршілес колхоздарда да көрсетілмек.

Б. ЫБРАЕВ.

Октябрь ауданы.

# Совет адамдарының тұрмысын сәндендіру үшін

Біздің елімізде партиямыз бен үкметіміз белгілеген халық тұтынатын товарларды өндіруді шұғыл өрге бастырудың, олардың сапасын жақсартудың және ассортиментін ұлғайтудың программасы ойдағыдай жүзеге асырылуда. Жеңіл өнеркәсіптің бұрынғы кәсіпорындары қайтадан жабдықталуда, жаңа фабрикалар мен заводтардың корпустары өсуде. Тоқсаннан тоқсан өткен сайын мата, аяқкиім, тігулі киім, ыдыс-аяқ, мебель және басқалар шығару ұлғайтылып келеді.

Күнбе күн қажет заттар жасауға суретшілер белсене қатысуда. Жалғыз тоқыма өнеркәсібінің өзінде ғана олардан жүздеген адам жұмыс істейді. Керамикалық және шыны өнеркәсібінде көптеген скульпторлар мен живописшілер қызмет етеді. Мыңдаған суретшілер кәсіпшілік кооперациясының артельдерінде жұмыс істейді.

Орыс тоқыма өнеркәсібінің тамаша дәстүрлерін қайта тудыру және өркендету ісіне бағалы үлес қосқан Иванов тоқымашы-суретшілерінің үлкен, қызықты еңбегі назар аударарлық. Иванов ситцаларында, сатиндерінде, фланельдерінде бедерлеу шеберлігінің жоғары техникасы мен баспа суреттер жасаудың нәзіктігі әдетте, мәнер түрінің дәлдігімен ұштасып отырады. Жұмысшы Федор Зиновьев атындағы, Үлкен Ивановск мануфактурасының және Жаңа Ивановск мануфактурасының маталарының қалың жұртшылық арасында кең таралуы кездейсоқ емес.

Москва кәсіпорындарының —«Трехгорная мануфактура», Щербаков атындағы комбинаттарының, Свердлов атындағы жібек жүйелейтін фабриканың суретші-тоқымашылары өз жұмыстарына көптеген творчестволық ойлаулар, көркем өң, батыл жаңашылық енгізуде. Бұдан бірнеше жылдар бұрын ғана бұл кәсіпорында тоқыма суретшілерінің—М. Хвостенконың, В. Скляррованың, С. Заславскаяның, И. Кулакованың, Н. Кирсанованың кастюм жобалайтын суретшілер —М. Вышеславцевамен, К. Божиевамен, Н. Макаровамен және басқаларымен бірлесіп жұмыс істеудің алғашқы тәжрибесі өткізілді. Бұл тәжрибе өзін ақтады, жұмыс кең өріс алды, енді қазір мыңдаған әйелдер мен балалар купонды және жартылай купонды деп аталатын матадан, сол сияқты жиектелген матадан көйлек киетін болды.

Штапель талшығынан мата жасауды, көркем әшекейлеуді игеру жөнінде және декоратив-мебель маталары мен кілемдер үшін мәнерлер жасау жөнінде Москва суретшілері көп жұмыстар жүргізді.

Соғыстан кейінгі жылдарда бізде түкті кілемдер өндіретін фабрикалар жаңадан дерлік қайтадан құрылды. Обухов комбинатының қуаты бірнеше есе ұлғайтылды, жаңадан Люберецк және Витебск комбинаттары салынды. Суретшілердің творчестволық еңбегі мұнда кең қолдау тапты. Жаңадан ұйымдастырылған кәсіпорындарында кілем әшекейлерін жасауға жастар, негізінен алғанда Москваның Калинин атындағы көркем сурет өндірісі училищесін бітірген жастар тартылды. Жас шеберлер қызғылықты іске қызыға кірісті. Кілем оюларын салу жүйесіндегі бай мұраларды үйрену, аудандарға бару басталды. Осының нәтижесінде Орта Азияның даңқы шыққан кілем жасаушыларының, Азербайжан мен Дағыстанның шеберлерінің тамаша дәстүрлері қазіргі фабрикалық өндірісте даму алды.

Түркменстан, Азербайжан, Дағыстан, Украина, Молдавия, Балтық жағалауы, Курск және Тюмень облыстары сияқты ескі орталықтарда бір мезгілде қолдан кілем жасау ісі кеңейтілуде. Кілем өндіруді жаңа аудандар да меңгеріп, өркендетуде. Курган облысы кілем жасаудың ірі орталығына айналды; Ставрополь өлкесінде, Солтүстік Осетинде, Башқұрт АССР-де, Алтайда, Омск және Пенза облыстарында кілем өндіру жолға қойылды. Қолдан тоқылатын кілем үшін әшекейлер жасауда Сталиндік сыйлықтың лауреаты Азербайжанның суретші—оюшысы Лятиф Керимов сияқты аса көрнекті шеберлер жұмыс істейді.

Қазіргі қолдан кілем тоқудың өткендегіден елеулі айырмашылығы бар: бұл қиын өндіріске еңбекті жеңілдететін көптеген техникалық жетілдірулер енгізілді. Мұнда суретшілердің едәуір творчестволық үлесі бар. Ою мәнерінің шеңбері үздіксіз ұлғайтылуда, даңқты оқиғалар бейнеленетін, тарихи қайраткерлердің, ұлы ойшылдар мен ақындардың бейнелері көрсетілетін көптеген сюжетті-тақырыпты және портретті кілемдер жасалуда. Мәселен, Азербайжанда Сталиндік сыйлық алған мерекелік үлкен кілем жасалды, Лениннің—Сталиннің, Фирдоусидің, Низамидың және басқалардың портреттері салынған кілемдер жасалды. Мұндай жұмыстар Украинада, Түркменстанда, Дағыстанда, Курск, Ставрополь, Курган облыстарында да жүргізілуде. Суретшілер Л. Зубова, Д. Лехтман және басқалары қазіргі уақытта балалардың сюжетті кілемдерін жасауға көп көңіл бөлуде.

Еңбекшілердің қажетін өтеуде мебель, сәуле беретін приборлар, кестеленген, өрнектелген бұйымдар, әшекейленген подностар, ағаштан, тастан, сүйектен көркемделіп ойылған, бедерленген тұрмыстық заттар, әртүрлі ювелир бұйымдарын шығаратын кәсіпшілік артельдері аз роль атқармайды.

Соңғы уақытта мұндай товарларды өндіру ұлғайтылды. Сүйекті көркем ойып мәнерлеудегі шеберліктің дәстүрлері бұрын Холмогорда, Тобольскіде, Якутияда, алыстағы Чукоткада ғана ілгері дамытылған еді. Енді Хотьковта, Москва түбінде сүйек ойып мәнерлеушілер артелі ұйымдастырылды. Москва ет комбинаты жанынан сүйекті көркем жонатын цех құрылды, Кисловодскі мен Сочиде сүйектен көркем бұйымдар өндіру кең өріс алды.

Сүйек ою өнері—халық искусствосының ертеден бергі бір түрі. Біздің уақытымызда бұл салада үлкен өзгерістер болып отыр. Қарт ұрпақтың өндірістік үлгісін қабылдаған жастар бұл өнердің жаңа жолдарын табандылықпен іздеуде. Сүйектен жасалған бұйымдарда совет шындығы жан-жақты көрсетілуде. Тобол мен Холмогор шеберлері—В. Денисов, А. Максимов, С. Трегубов, В. Синицких, П. Черникович, П. Штанг, У. Шарипина сүйекті ойып және жонып мәнерлеу өнері арқылы социалистік Солтүстік халықтарының өмірінен сценалар, жаңа адамдардың образдарын жасауда, олардың өмірін көрсетуде, «Солтүстікте радио», «Оқушы ненец қыз», «Социалистік Солтүстік» және басқалары, міне, осындай тамаша шығармалар.

Тас оюшылар да осындай жұмыстар жүргізуде. Тасты көркемдеп өңдеу өнерімен қазір тек Уралда ғана емес, сол сияқты Куйбышев және Горький облыстарында да шұғылданушылар бар. Тұрмыстық көркем нәрселер өндірісі пайда болған жердің бәрінде де жаңа істі меңгеріп, оған өзінің творчестволық ойлауларын, өзінің жасампаз еңбегін енгізетін талантты шеберлер өсіп жетілуде.

Кестемен көмкерілген әдемі дастарқандар, жолға төсегіштер, есік-терезе шымылдықтарын, диван жастықтары, әйелдер мен балалардың сыртқы киімдері үшін тыстықтар өндіру жылдан- жылға ұлғаюда. Алтын түсті хохлом нақышымен әсемделген ағаш бұйымдарының, Каслин көркемдеп шойын құю жүйесінде әртүрлі ювелир бұйымдарының ассортименті ұлғайтылып келеді.

Фарфор мен фаянстан жасалған статуялар да еңбекшілерден үлкен керексіну табуда. Әдемі статуя үй ішін ғана сәндендіріп қоймайды, көп ретте үйге сүйікті әдеби кейіпкерлерді әкеледі, халық ертегілеріндегі батырларды еске түсіреді.

Көптеген талантты скульпторлар жанрлық статуялар үстінде жұмыс істеп, әртүрлі ұлттың және мамандықтың адамдарын еңбек, оқу процесінде, демалыс кезінде бейнелейді. М. Холоднаяның көптеген шығармалары зор табыспен пайдаланылуда. Оның негізінен балаларды бейнелейтін фаянстан жасалған кішкене статуясы табиғи және тартымды болып шыққан. Жұмсақ, жылы реңкі оған әдетте, ерекше жан беріп тұрады. Оның «Галя мен Таня», «Кестеші қыз», «Аленушка», «Кілеммен тұрған украин қызы» және басқалары осындай шығармалар.

Фольклор және театр тақырыптарына декоративтік скульптуралар көптеп жасалуда. Мәселен, Сталиндік сыйлықтың лауреаты С. Орловтың «Конек Горбунек» тақырыбына жасаған феериялық скульптуралары, И. Воробьевтың, С. Михалковтың мысалдарына жасаған иллюстрациялары және оның «Ревизор» мен «Өлі жандардың» кейіпкерлерінен жасаған сериялы скульптуралары, Н. Максимченконың «Диканька түбіндегі хутордағы кештер» бойынша жасаған юморға толы статуялары көпке белгілі.

Керамикалық скульптураның ішінде анималикалық тақырып елеулі орын алады. В. Ватагин, Д. Горлов, Е. Гуревич, И. Ефимов, П. Кожин, А. Сотников, Е. Чарушин жануарлар дүниесін шебер бейнелейді. Дегенмен, декоративтік скульптураның шығарылуы мүлдем жеткіліксіз, ол сатуға аз түседі.

Біздің елімізде тамаша керамикасымен даңқы шыққан аудандар аз емес. Олар: Москва облысындағы Гжель, Рязань облысындағы Скопин, Дағыстан АССР-індегі Балхары, Украинадағы, Грузиядағы және Өзбекстандағы бірқатар аудандар.

Әдетте суретшілердің үлкен тобы қатысатын, көптеп өндіру үшін бұйымдардың жақсы үлгілерін жасауға арналған конкурстар, сондай-ақ өнімге байқау жүргізу жұмыстары тұрмыстық бұйымдардың сапасын жақсартуға көмектесуде.

Ленинградтың мәдениет үйінде ұйымдастырылған Ленинградтың М. В. Ломоносов атындағы фарфор заводы өнімінің көрмесіне 100. 000 адам қатысты.

Соңғы уақытта тұтынушылардың қажеттеріне ерекше зор көңіл бөлініп отыр. Жуырда ССРО-ның көркем сурет Академиясы көпшілік тұтынатын заттардың сапасын жақсарту мәселелері жөнінде бүкілодақтық конференция өткізді.

Еңбекшілердің тұрмысын сәндендіруге арналған товарларды шығаруды арттыру, олардың ассортиментін ұлғайту және сапасын жақсарту — халықшаруашылық маңызы бар іс. Біздің кәсіпорындарымыз ең жетілдірілген жабдықтармен қаруланған және оның совет адамының тұрмысын сәндендіретін неше алуан түрлі товарларды өндіруге кең мүмкіншіліктері бар.

С. ТЕМЕРИН.

Искусство зерттеу ғылымының кандидаты.

# Шетелдерде Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын мейрамдау

Бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын мейрамдап өтті. Бұл даңқты датаны бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің елдері ерекше салтанатпен атап өтті. 6 ноябрьде Пекинде Қытай-совет достығы қоғамы ұйымдастырған астана жұртшылығының салтанатты жиналысы болды. Жиналыстың президиумында Қытай Халық Республикасы председателінің орынбасары Чжу Дэ, ҚХР мемлекеттік советі премьерінің орынбасары Чэнь Юнь, Қытай-совет достығы қоғамы председателінің орынбасарлары Сун Цин-лин, У Юй-чжан, Го Мо-жо, Шэнь Цзюнь-жу, Ли Цзи-шэнь СССР-ның ҚХР-дағы елшісі П. Ф. Юдин және басқалар болды. Жиналыста сөз сөйлеген Сун Цин-лин былай деді:

Октябрь революциясы бастап берген адамзатты азат етудің ісі біздің планетамыздың орасан зор территориясында кәзірдің өзінде жеңді. Жер шарындағы халықтың үштен бірін біріктіріп отырған Совет Одағы бастаған бейбітшілік, демократия және социализм күштері жеңді. Бұл күштер үнемі өсіп, нығайып келеді. Бүкіл дүние жүзінде демократия мен тәуелсіздік үшін бейбітшілікті қорғау жолындағы қозғалыс кең өрістеді. Кәзіргі кезде бұл қуатты қозғалыс адамдар жүрегінде терең тамырын жайды және империалистік соғыс өртін тұтандырушыларды абыржытуда.

Сун Цин-лин Қытай мен Совет Одағы ұлы халықтарының арасында мызғымас достықтың және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің құрметіне ұран көтерді.

Ұлы Октябрьдің құрметіне Қытайдың 30 дан аса ірі қалаларында совет фильм дерінің апталығы өтіп жатыр.

Польша Халық Республикасының еңбекшілері Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын бүкіл халықтық ұлы мейрам ретінде қарсы алды. Мереке қарсаңында бүкіл елде салтанатты жиналыстар өткізілді. Варшавының мемлекеттік Поляк театрында астана кәсіпорындарының еңбек озаттары, ғылым, мәдениет, искусство қайраткерлері, поляк әскерінің генералдары мен офицерлері, жұртшылық өкілдері жиналды.

Мәжілісте Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Болеслав Берут, Польша Халық Республикасы мемлекеттік советі нің председателі Александр Завадский, Министрлер Советінің Председателі Юзеф Циранкевич, Польша маршалы Константин Рокоссовский, Польшаның біріккен жұмысшы партиясы Орталық Комитет саяси бюросының мүшелері, үкімет пен мемлекеттік советтің мүшелері, сол сияқты СССР-ның Польшадағы елшісі Н. А. Михайлов және дипломатиялық корпус тың басқа да мүшелері келді.

Мәжілісті Болеслав Берут ашты. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығы туралы Юзеф Циранкевич баяндама жасады.

Мәжіліске келгендер совет халқы мен оның батыр армиясының құрметіне венoктер қойылды. Барлық жерде даңқты мерекеге арналған салтанатты мәжілістер, кештер, концерттер өткізілді.

Румынияның астанасы Бухаресте бұқаралық митинг болды, бұған Румын Халық Республикасы Министрлер Советінің председателі Г. Георгиу-Деж, ұлы ұлттық жиналыс президиумының председателі доктор Петру Гроза, Румын жұмысшы партиясы Орталық комитетінің бірінші секретары Георге Апостол, министрлер, Румын жұмысшы партиясы Орталық комитетінің мүшелері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, жұртшылық ұйымдары мен армия өкілдері, сол сияқты дипломатиялық корпустың мүшелері қатысты.

Митингте Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасары Киву Стойка сөз сөйледі. Митингке қатысушылар үлкен өрлеу үстінде Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Совет Үкіметіне құттықтау телеграмма қабылдады.

7 ноябрьде Ұлы Октябрьдің 37 жылдық құрметіне болған демонстрацияға Софияның 150 мың еңбекшілері қатысты. Георгий Димитров мавзолейі трибунасынан демонстрацияға қатысқандарды Болгария Коммунистік партиясы мен Халық үкіметінің басшылары: Вылко Червенков, Георгий Дамянов, Антон Югов, Георгий Трайков, Георгий Чанков, Райко Дамянов, Тодор Живков, Георгий Станков, Нейчо Стайков, Иван Михайлов құттықтады. Сол сияқты мұнда СССР-ның Болгариядағы елшісі Ю. К. Приходов болды.

Митингтер мен салтанатты жиналыстар сол сияқты Албанияда, Монгол Халық Республикасында, Герман Демократиялық Республикасында, Корей Халық Демократиялық Республикасында, Вьетнам Демократиялық Республикасында болып өтті.

5 ноябрьде Парижде Франция Коммунистік партиясы ұйымдастырған бұқаралық митинг болды. Митингке жиналғандар трибунаға келген Жак Дюклоны, Франсуа Бийуді, Лоран Казанованы, Рэймон Гюйоны, Леон Мовэні және компартияның басқа да басшы қайраткерлерін, жалпы еңбек конфедерациясының секретары Гастон Монмуссоны, «Франция — СССР» ассоциациясының, Франция қыздары одағының, Францияның республикашыл жастар одағының және басқа демократиялық ұйымдардың басшыларын қызу құттықтады.

Митингке қатысқандар Жак Дюклоның баяндамасын үлкен назар аударып тыңдады. Ол өзінің баяндамасында Совет Одағы бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғаудың сенімді тірегі болып келгенін, болып отырғанын және бола беретінін, сондықтан бүкіл жер шарының бейбітшілік сүйгіш халықтарының назары социализм еліне аударылып отырғанын көрсетті.

Митингке жиналғандар баяндамашының Франция халқы Совет Одағына қар...

# БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

## БҰҰ Бас Ассамблеясының Саяси комитетінде

НЬЮ-ЙОРК, 10 ноябрь. (СОТА). 9 ноябрьдегі таңертеңгі мәжілісте БҰҰ Бас Ассамблеясының Саяси комитетінде атом қуатын бейбіт мақсаттар үшін пайдалануға және қолдануға халықаралық ынтымақ туралы мәселе жөнінде жалпы дискуссия қайтадан басталды. Мәжілістің бас кезінде Канаданың өкілі Мартин атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөнінде халықаралық агенттік құру туралы қарар жобасының авторлары болып отырған делегациялардың атынан бұл жобаға толықтыру енгізді. Ол конференция ұйымдастыруда БҰҰ бас секретарына көмектесуге тиіс болатын кеңесші комитет: Францияның, Англияның, АҚШ-тың, Канаданың, Бразилияның, Индияның және Совет Одағының өкілдерінен құрылсын деп ұсынды.

Швецияның өкілі Сандлер ұсынылған қарар жөнінде бірқатар елеулі ескертпелер айтты, бірақ ол соның өзінде жобаның авторлары алдына қойып отырған мақсаттарды құттықтайтынын деп мәлімдеді. Ол атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану туралы Құрама Штаттармен жүргізілген келіссөздер кезінде Совет Одағы келтірген: атомдық реакторлардың көмегімен электр қуатын өндіру процесінде алынатын жарылғыш материалдарды соғыс мақсаттарына пайдалануға қарсы кепілдік беру қажет деген дәлелді қолдады. Бұл дәлел, деп мәлімдеді ол, жақсы мәлім болған фактілерге негізделген. Сандлер былай деп атап көрсетті: атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдаланудың өзі бұл қуатты соғыс мақсаттарына пайдалануды азайтпайды, болашақта бейбіт мақсаттар үшін дайындалатын атом материалы соғыс мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін деген қауіптің айқын болғанын былай деп мәлімдеді: атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануда ынтымақты дамыту қарусыздандыруға қолайлы жағдай тудыруға көмектеседі.

Швецияның өкілі сонымен бірге былай деп мәлімдеді: атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануда ынтымақты дамыту қарусыздандыруға қолайлы жағдай тудыруға көмектеседі.

Сандлер БҰҰ мен ұсынылып отырған агенттік арасында неғұрлым тығыз байланыс болуын жақтаған пікір айтты. Атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде халықаралық конференция шақыру туралы ұсынысқа тоқтай келіп, швед делегаты былай деп мәлімдеді: бұл ұсыныс анықтауды керек етеді, өйткені конференцияның міндеттері қарар жобасында тым күңгірт белгіленген.

Бұл мәселедегі жалпы дискуссия сонымен қатар Кубаның, Пакистанның, Египеттің және Перудың өкілдері де сөз сөйлеп, жеті елдің қарар жобасын қолдады. Египеттің өкілі Омар Лютфи соның өзінде былай деп мәлімдеді: Совет Одағының қатысуынсыз атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдаланудың бүкіл программасы мейлінше тиімді бола алмайды.

20 минут қана созылған күндізгі мәжілісте Ирак пен Иранның өкілдері шығып сөйледі. Иранның өкілі былай деп мәлімдеді: мен жаңа халықаралық орган, Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен қызмет жасай отырып, атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалануға көмектесетін болады деген үмітпен, ұсынылған қарар жобасын жақтап дауыс беремін.

## Арнаулы саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 10 ноябрь. (СОТА). Арнаулы саяси комитет БҰҰ-ға жаңа мүшелер алу туралы мәселе жөніндегі жалпы дискуссияны аяқтады.

Белорус ССР-нің өкілі П. Е. Остапенко совет делегациясының ұсынысын қолдады, бұл ұсыныс Албанияны, Монгол Халық Республикасын, Болгарияны, Румынияны, Венгрияны, Финляндияны, Иорданияны, Австрияны, Цейлонды, Непалды және Ливияны БҰҰ мүшелігіне бір мезгілде алу туралы мақсатымен Бас Ассамблея Қауіпсіздік Советінен бұл мемлекеттердің бәрінің өтініштерін қайтадан қарауды сұрайтын болсын деп көздеген болатын. СССР ұсынысын қабылдап, деді П. Е. Остапенко, Бас Ассамблея соның нәтижесінде аса маңызды мәселелердің бірін шешеді және қатынастардағы шиеленісті онан әрі бәсеңдету бағытында алға қарай қадам басады.

БССР делегациясы, деп мәлімдеді ол бұдан кейін, Лаос пен Камбоджаны алу туралы қарар жобасына қарсы болып келеді, сонымен қатар Аргентина, Куба және Сальвадор делегациялары бұл қарарға енгізген түзетулерге де қарсы дауыс береді. Бұл түзетулер Албания, Болгария, Венгрия, Румыния сияқты және басқа елдерді БҰҰ мүшелігіне алу туралы мәселе...

шілік жасаудың АҚШ ұстап отырған саясаты рухында сөз сөйледі.

Польшаның өкілі Кац Сухи «ізгі көмек көрсету» комитетінің жаңа мүшелер алу жөніндегі жұмысының сәтсіздікке ұшырауының себебі көбінесе оның үш мүшесінің бірі Голландия болғандығы, ал Голландия делегациясының халықтық демократия елдерін БҰҰ мүшелігіне алуда кемсітушілік саясатын ұстап келгендігі салдарынан екендігіне делегаттардың назарын аударды.

Поляк делегаты 14 мемлекетті бір мезгілде алу туралы Совет ұсынысын қолдаған пікір айтты. Сонымен бірге ол жаңа мүшелер алу жөніндегі комитеттің жұмысын онан әрі жүргізуді, бірақ оның құрамын жаңартуды, проблеманы шешуге неғұрлым объективті түрде қарауды жақтаған пікір айтты. Жаңа мүшелер алу жөніндегі комитет, деді Кац-Сухи, 14 мемлекетті бір мезгілде алу туралы көптеген делегациялардың қабылдауына болатын совет ұсынысын өзінің алдына қоя отырып, мәселені оңдағыш шешуге көмектесу үшін барлық күш жігерін жұмсауға тиіс.

Лаос пен Камбоджаны алу туралы қарар жобасына қарсы шығып, Кац-Сухи ...

# Албан бесжылдығының тұңғышы

## И. В. Сталин атындағы тоқыма комбинатында

ТИРАНА, 11 ноябрь. (СОТА). Бұдан үш жыл бұрын Совет Одағының көмегімен Тиранада салынған И. В. Сталин атындағы тоқыма комбинаты Албан бесжылдығының тұңғышы болып табылады. Бұл советтік ең жаңа құралдармен жабдықталған ең ірі кәсіп орындарының бірі.

Комбинаттың коллективі совет мамандарының көмегі арқасында жаңа техниканы меңгеруде едәуір нәтижелерге не болды. Бұрын екі станокта жұмыс істеген тоқымашы Эмина Зети енді 12 станокте жұмыс істейді; тоқымашылар Музес Салихай мен Эфтими Лео әрқайсысы 16 станокта жұмыс істейді. Мастердің көмекшісі Сафет Алуши 1951 жылы сегіз станокті қамтыса, кәзіргі уақытта 48 станокта жұмыс істеуде.

Жұмысшылар мамандықтарының артуы еңбек өнімділігін едәуір дәрежеде арттыруға мүмкіндік туғызды. Мысалы, өткен жылы комбинат одан арғы жылмен салыстырғанда еле помази маталарын 94 процент артық берген еді. Егер 1953 жылдың үшінші тоқсанында тоқыма фабрикасының бір станогі бір сменада 29 метр ситца өндірсе, үстіміздегі жылдың үшінші кварталында ол 34 метр мата өндірді. Комбинат жанында тоқымашылар техникумы ашылды, ол үш жылдың ішінде 2 мыңнан аса маман жұмысшыларды даярлап шығарды. Мұнымен бірге, мамандықты меңгеру және арттыру курстары жұмыс істейді. Оларды жыл сайын 1200-ге тарта адамдар бітіріп шығады.

Жұмысшылар мен қызметшілердің мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуға ерекше назар аударылады. Олар үшін жаңа тұрғын үйлер салынып, клуб, аурухана, балалар яслиі, балалар бақшасы, магазиндер тағы басқалар ашылған. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана құрылыстар қажеті үшін 30 миллион лек жұмсалды.

Комбинат коллективі жақындап келе жатқан мереке —елдің бостандық алуының оныншы жылдығын лайықты табыстармен атап өтуге әзірленуде. Кәсіпорында үстіміздегі жылдың жоспарын мерзімінен бұрын орындау үшін, еңбек өнімділігі мен өнімдердің сапасын жақсарту үшін енбектегі жарыс үлгая түсіп отыр.

# Болгарияда көмір өнеркәсібінің механикаландырылуы

СОФИЯ, 11 ноябрь. (СОТА). Болгарияда көмір өнеркәсібін механикаландыру жылдан жылға өрістеп келеді. Кәзір шахталарда кен комбайндары, көмір тиейтін машиналар, траспортерлер, қуатты экскаваторлар, бульдозерлер мен скреперлер қолданылады.

Тек үстіміздегі жылдың өзінде Болгария шахтерлері 24 экскаваторды, 3 кен комбайнын, 6 бульдозер және көптеген басқа құрал- жабдықтарды алатын болады.

Жаңа техниканы қолданудың нәтижесінде еңбек өнімділігі артуда, көмір өндіру ұлғаюда. Өткен жылдың аяғында елдің көмір өнеркәсібі көмірді 1948 жылмен салыстырғанда екі есе артық, немесе 1939 жылмен салыстырғанда 3,8 есе артық берді. Болгария Коммунистік партиясы мен халық үкіметі екінші бесжылдықтың аяғына дейін —1957 жылы шахталарда көмір қазуды толығынан механикаландыру жөнінде қарар қабылдады.

# Испания Коммунистік партиясының V съезі

ПАРИЖ, 10 ноябрь. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, ноябрьдің I-нен 5-не дейін Испания Коммунистік партиясының V-съезі болған. Съездің жұмысына Испанияның барлық облыстарынан Коммунистік партия ұйымдарының өкілдері, сонымен қатар Каталонияның біріккен социалистік партиясының делегациясы қатысқан.

Күн тәртібінде мынадай мәселелер қаралған: 1. Испания Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің баяндамасы (баяндамашы Долорес Ибаррури); 2. Партияның программасы туралы Висенте Урибенің баяндамасы; 3. Ұйымдастыру проблемалары және партияның уставы туралы Сантьяго Каррильоның баяндамасы; 4. Партияның орталық комитетін сайлау.

Съездің делегаттары Долорес Ибаррури тапсырған баяндаманы бірауыздан мақұлдаған және партияның программасын қабылдаған, бұл программа былай деп аталған: «Тәуелсіздік және Испанияны демократияландыру жолындағы, испан халқының тұрмыс жағдайын түбірімен жақсарту жолындағы күресте Испания Коммунистік партиясының программасы».

Съезд сонымен қатар партияның жаңа уставын бірауыздан қабылдаған.

Съездің қорытындысында делегаттар партияның Орталық Комитетіне 39 мүше және мүшелікке 22 кандидат сайлаған. Орталық комитеттің жаңа құрамына 35 жұмысшы, 7 ауылшаруашылық жұмысшылары мен шаруалар және 19 интеллигенция өкілдері кірген. Съезден кейін жаңа сайланған орталық комитеттің бірінші мәжілісі болып, онда Долорес Ибаррури партияның Бас секретары болып бірауыздан сайланған. Орталық комитеттің жаңа сайланған Саяси бюросының құрамына: Сантьяго Каррильо, Фернандо Клаудин, Мануэль Кристобаль, Мануэль Делкадо, Игнасио Гальего, Энрике Листер, Антонио Михе, Висенте Урибе кірген.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

**СССР Халық шаруашылығын қалпына келтірудің**

Мәжліске катысқандар үлкен өрлеу үс-тінде Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне құттықтау телеграмма қабылдады.

Прагада, Братиславада, Брнода, Пльзенде, Готвальдовте және басқа қалаларда, сол сыяқты Чехословакияның көптеген селоларында еңбекшілердің салтанатты кештері, жыйналыстары мен мерекелік демонстрациялары болып өтті.

Прагада болған салтанатты мәжліске республиканың президенті А. Запотоцкий премьер министр В. Широкий, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный ұлттық жыйналыстың председателі Зденек Фирлингер, Чехословакия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің саяси бюросының мүшелері А. Чепичка, Я. Доланский, В. Копецкий, Р. Барак, партия мен үкметтің басқа да басшылары, ұлттық майданға кіретін барлық партиялар мен ұйымдардың өкілдері, өндіріс озаттары мен жаңашылдары, ғылым, мәдениет және искусство қайраткерлері қатысты. Салтанатты кеште, сол сыяқты, ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі Н. П. Фирюбин, академик Б. А. Введенский бастаған совет мәдениет қайраткерлері делегациясы, Прагадағы дипломатиялық корпустың мүшелері болды.

Будапешттің азаттық алаңында Ұлы Октябрьдің 37 жылдығымен байланысты Венгрияны азат етудің ұрыстарында қаза тапқан совет жауынгерлерінің ескерткіші ешуақытта да соғыспайды деген мәлімдемесін де қолшапалақтап қарсы алды.

Лондонның ең ірі Эмпересс-холл залында 6 ноябрьде ағылшын-совет достығының айлығы салтанатпен ашылды. Совет Одағы мен Великобританияның мемлекеттік жалауларымен безендірілген залға 9 мыңнан аса ағылшын еңбекшілері жыйналды, олар мұнда Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын атап өтуге келді. Жыйналғандар ағылшын-совет достығы айлығына қатысу үшін Лондонға келген совет мәдениет қайраткерлерінің делегация мүшелерін жылы жүзбен құтықтады.

Митингте ағылшын-совет достығы қоғамына 2 мыңнан астам жаңа мүшелер қабылданды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын Италияның прогресшіл ұйымдары үлкен жігермен атап өтті. Жүздеген қалалар мен деревняларда коммунистік және социалистік партиялардың жергілікті федерациялары ұйымдастырған бұқаралық манифестациялар болды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арналған салтанатты мәжлістер Норвегияда, Голландияда, Бельгияда, Финляндияда, Уругвайда және басқа елдерде болып өтті.

Шетелдердегі совет елшіліктері мен миссияларында Ұлы Октябрьдің құрметіне қабылдаулар болды. (СОТА).

## Москва Советінің 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. Сабуровтың жасаған баяндамасы туралы шетел баспасөзінің пікірлері

ПРАГА, 8 ноябрь. (СОТА). Бүгін «Руде право» газеті «Халықтарға өнеге» деп аталған басмақалада Москва Советінің 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. Сабуровтың жасаған баяндамасын түсіндіруде.

Әрбір жылда, ұлы мейрам күні, деп жазған газет, совет халқы мен бүкіл бейбітшілік лагері өздерінің игілікті еңбекте жеткен табыстарының қорытындысын шығаруда. Ал әрбір жылда бұл қорытындылар социалистік системаның капиталистік системадан даусыз артықшылығын жаңа күшпен дәлелдеп, марксизм-ленинизмнің мәңгі жасайтын идеяларының жаңа жеңісін айқын көрсетуде.

Капиталистік елдерден халық шаруашылығының құлдырағаны туралы, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің үнемі төмендегені туралы хабарлар келіп жатқан уақытта, деп жазған газет бұдан кейін, совет халқы партия мен үкметтің басшылығымен жаңа, бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетуде. Советтік халық шаруашылығының күшті қарқынмен өркендетілуі басты мақсатқа —совет адамдарының тұрмыс дәрежесін неғұрлым тез арттыруға бағытталып отыр.

ПАРИЖ, 7 ноябрь. (СОТА). Париждің жексенбі күнгі газеттері Москва Советінің 1954 жылғы 6 ноябрьдегі салтанатты мәжлісінде М. З. Сабуровтың жасаған баяндамасының қысқаша мазмұнын жариялады.

«Бейбітшілікпен қатар өмір сүру мүмкіндігіне ССРО-ның сенетінін Сабуров тағы да дәлелдеп берді»,—деп жазған «Юманитедиманш» газеті мақаланың заголовогінде, «Москва бейбітшілікпен қатар өмір сүру мүмкіндігін атап көрсетіп отыр» («Журнал дю диманш»), «Шешен дамытқан негізгі тақырыпты,—деп жазған «Журнал дю диманш», — қысқаша былай деп түсіндіруге болады: «Совет Одағы халықаралық бейбітшілік және өз елінде тұрмыс жағдайын жақсарту пайдасын көздейтін саясат жүргізуде». Газет М. З. Сабуровтың баяндамасында ССРО мен Югославия арасындағы қатынастардың жақсарғаны туралы айтылған жерін ерекше атап көрсеткен.

БҰҰ-ға мүшелер алу кезінде бір елдер жөнінде қамқорлық жасайтын, ал басқа елдер жөнінде кемсітушілік жасайтын дағдылы саясаттың белгісі болып табылады.

Голландияның делегаты БҰҰ-ға мүшелер алған кезде қамқорлық және кемсітулия делегациясының бұл ұсынысының жаңа мүшелер алу туралы мәселені ойдағыдай шешуге көмектеспейтіні былай тұрсын, тіпті бұл қарар жобасын енгізу және талқылау проблеманы тұтасымен шешуде қыйыншылықтар тудыру мақсатын көздеді.

### КОРЕЯНЫ БЕЙБІТШІЛІКПЕН БІРІКТІРУ ЖАЙЫНДАҒЫ КХДР ҰСЫНЫСТАРЫН ЛИСЫНМАНДЫҚ ӨКМЕТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАБЫЛДАМАЙ ТАСТАҒАНЫ ТУРАЛЫ «ЖЕНЬМЕНЬЖИБАОНЫҢ» ХАБАРЫ

ПЕКИН, 10 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

«Женьминьжибао» газетінің шолушысы Ли Гао Корей Халық Демократиялық Республикасының Жоғарғы Халық жыйналысы жасаған елді біріктіру жайындағы ұсыныстарды лисынмандық топтың қабылдамай тастағаны туралы жазған. Мақалада былай деп көрсетілген: 4 ноябрьде оңтүстік корейлік ұлттық жыйналыс Солтүстік Кореямен қандай да болса келіссөздер жүргізу мүмкіндігін қолдамайтын қарар қабылдаған.

Құрама Штаттардың, деп жазған Ли Гао, соңғы уақытта жасаған қадамдары Солтүстік және Оңтүстік Корея арасында бақастық пен дұшпандықты күшейтуге, Корей мәселесін бейбітшілікпен шешу жолына кедергі қоюға бағытталып келді. АҚШ лисынмандық армияны онан әрі көбейтуде. Олардың уақытша бітімді қадағалау жөніндегі бейтарап комиссияны «ажыратып жіберетін» ниеттері бар, олар Оңтүстік Кореяға соғыс материалдарын беріп, демилитарландырылған аймаққа және Корей Халық Демократиялық Республикасының тылына қарулы агенттер жіберуде, сөйтіп, уақытша бітім туралы келісімді бұзуда.

АҚШ пен лисынмандық өкмет орындарының мұндай саясаты, шолушының атап көрсеткеніндегі, корей халқының мүдделеріне қайшы келуде.

### ИНДОНЕЗИЯ БАСПАСӨЗІ ВИЦЕ- ПРЕЗИДЕНТ СУКАРНОНЫҢ СӨЗІ ТУРАЛЫ

ДЖАКАРТА, 11 ноябрь. (СОТА). Қазіргі уақытта баспасөз вице- президент Сукарноның 9 ноябрьге Палембангте сөйлеген сөзіне ерекше назар аударуда. Бұл сөзінде Сукарно оппозициялық партия басшыларын «олар елді миллиондаған рупийге бола шетелдіктерге сатады» деп айыптаған болатын. Газеттердің көпшілігі опасыздардың аттары аталынып, олардың жазалануы керектігі жөнінде пікір білдіруде.

«Хариан ракият» газеті президент Сукарноның сөзін барлық халық қолдауда және президент елдің мүддесін шетелдік империалистерге сатып отырған оппозицияның лидерлерін әшкерелеп берді, деп жазады.

«Берита Индонезия» газеті опасыздарға қарсы тез арада шұғыл шара қолданылуын талап етеді.

### ИРАНДА ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІ ЖАЗАЛАУ

ТЕГЕРАН, 11 ноябрь. (СОТА). «Кейхан» газетінің хабарлауы бойынша 8 ноябрьде таңертең оппозициялық істері үшін соғыс соты өлім жазасына үкім шығарған офицерлер Джалани, Бекешлу, Джамшиди, Вакили мен Вали атылған.

Істі алдыңғы қараған сот бригада генералы Маджидидің председательдік етуімен 7 ноябрьде кешке полковниктер Джавида мен Пахлаванды, майор Хойрхты, капитандар Огази, Размпура, Даваниді, аға лейтенанттар Хомаюнпурды, Амуиді, Афганиді, Сагафиді, Солтани мен лейтенант Пуканиді өлім жазасына кесті. Офицерлердің бұл тобынан басқа айыпталғандар әртүрлі мерзімде түрмеге отырғызылуға үкім шығарылды.

### ГОМИНДАН ШПИОНДАРЫНА ҮКІМ ШЫҒАРЫЛДЫ

ПЕКИН, 11 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Фучжоудан берген хабарына қарағанда, Фуцзянь провинциясының халық соты 26 американ-чанкайшилік агенттердің ісін қарауды аяқтаған. Бұл агенттер барлау мәліметтерін жыйнап және Қытай Халық Республикасында диверсиямен айналысқан болатын. Оларды жағалаудағы аудандарда Фуцзянь провинциясы хауіпсіздік қорғамының органы қолға түсірген. Олардың ішінде 12-сі өлім жазасына, 12-сі әртүрлі жазаларға кесілді, ал қосымша қатысқан екі адамға кешірім беріліп, босатылды.

### ХОККАЙДО АРАЛЫНДА ЖЕР ҚЫРТЫСЫНЫҢ ШӨГУІ

ШАНХАЙ, 11 ноябрь. (СОТА). Киодо Цусим агенттігінің хабарына қарағанда, Хоккайдода жер қыртысынң шөгуі салдарынан мыңнан астам адам, олардың көпшілігі темір жол жұмысшылары түн нелге қамалып қалған. Жер қыртысының шөгуі 8 ноябрьде түнде басталған болатын. Қамауда қалған адамдардың аштан өлу хауіпі бар.

Жер қыртысының шөгуі Хоккайда аралының орталық бөлігіндегі Нукахита мен Сорока аралындағы жолдың бойында болған.

### ...және өркендетудің мемлекеттік екінші заемының үшінші өтеу тиражының

## ТАБЛИЦАСЫ

Өтеу тиражы 1954 жылғы 31 октябрьде Москва қаласында өткізілді.

Заемның әрбір разрядының төмендегі серияларындағы облигациялардың барлық 50 номері (№ 01-ден № 50-гедейін) өтеу тиражына шыққан.

| Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ | Серия №№ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 020080 | 022168 | 025005 | 027381 | 030330 | 032353 | 035098 | 037784 |
| 020133 | 022188 | 025021 | 027391 | 030335 | 032479 | 035151 | 037787 |
| 020136 | 022192 | 025052 | 027414 | 030444 | 032492 | 035161 | 037789 |
| 020154 | 022195 | 025097 | 027426 | 030469 | 032522 | 035225 | 037810 |
| 020168 | 022256 | 025109 | 027433 | 030512 | 032525 | 035249 | 037942 |
| 020188 | 022339 | 025119 | 027441 | 030534 | 032595 | 035272 | 037951 |
| 020263 | 022421 | 025127 | 027463 | 030544 | 032628 | 035301 | 038002 |
| 020270 | 022433 | 025172 | 027527 | 030558 | 032637 | 035307 | 038088 |
| 020435 | 022441 | 025204 | 027531 | 030584 | 032660 | 035314 | 038101 |
| 020437 | 022523 | 025287 | 027561 | 030703 | 032731 | 035325 | 038107 |
| 020457 | 022558 | 025397 | 027615 | 030719 | 032735 | 035327 | 038108 |
| 020458 | 022606 | 025406 | 027642 | 030735 | 032781 | 035337 | 03814[illegible] |
| 020470 | 022627 | 025419 | 027647 | 030744 | 032839 | 035345 | 03822[illegible] |
| 020494 | 022669 | 025422 | 027764 | 030776 | 033012 | 035375 | 038260 |
| 020499 | 022777 | 025438 | 027793 | 030792 | 033014 | 035405 | 038271 |
| 020576 | 022780 | 025508 | 027864 | 030859 | 033048 | 035416 | 038302 |
| 020582 | 022794 | 025580 | 027922 | 030869 | 033052 | 035433 | 038342 |
| 020597 | 022830 | 025618 | 027927 | 030878 | 033230 | 035535 | 038366 |
| 020676 | 022848 | 025666 | 027964 | 030961 | 033251 | 035596 | 038505 |
| 020743 | 022872 | 025674 | 028009 | 030982 | 033255 | 035634 | 038526 |
| 020758 | 022894 | 025677 | 028079 | 031011 | 033269 | 035650 | 038662 |
| 020805 | 022919 | 025682 | 028131 | 031025 | 033272 | 035680 | 03866[illegible] |
| 020814 | 022936 | 025687 | 028151 | 031109 | 033315 | 035682 | 038677 |
| 020857 | 022960 | 025710 | 028204 | 031196 | 033337 | 035705 | 038774 |
| 020873 | 023107 | 025725 | 028235 | 031227 | 033361 | 035707 | 038775 |
| 020890 | 023172 | 025733 | 028249 | 031267 | 033370 | 035802 | 038798 |
| 020984 | 023229 | 025775 | 028338 | 031326 | 033409 | 035816 | 038838 |
| 021051 | 023525 | 025780 | 028357 | 031354 | 033548 | 035858 | 038909 |
| 021153 | 023527 | 025848 | 028406 | 031357 | 033566 | 035862 | 038939 |
| 021176 | 023570 | 025863 | 028513 | 031366 | 033617 | 035869 | 038955 |
| 021228 | 023624 | 025873 | 028530 | 031410 | 033644 | 035985 | 039004 |
| 021266 | 023654 | 025916 | 028541 | 031448 | 033679 | 035992 | 039014 |
| 021303 | 023659 | 025964 | 028781 | 031460 | 033752 | 036062 | 039070 |
| 021308 | 023752 | 025989 | 028785 | 031493 | 033852 | 036063 | 039201 |
| 021333 | 023771 | 026092 | 028913 | 031502 | 033858 | 036160 | 039270 |
| 021343 | 023773 | 026109 | 029050 | 031544 | 033998 | 036223 | 039289 |
| 021350 | 023787 | 026163 | 029090 | 031565 | 034021 | 036249 | 039297 |
| 021390 | 023871 | 026176 | 029174 | 031577 | 034082 | 036259 | 039299 |
| 021405 | 023887 | 026229 | 029204 | 031593 | 034141 | 036309 | 039316 |
| 021435 | 023950 | 026311 | 029289 | 031602 | 034143 | 036377 | 039326 |
| 021503 | 023990 | 026361 | 029293 | 031605 | 034215 | 036414 | 039432 |
| 021521 | 024095 | 026508 | 029339 | 031611 | 034441 | 036431 | 039481 |
| 021546 | 024099 | 026559 | 029433 | 031637 | 034464 | 036677 | 039485 |
| 021560 | 024106 | 026597 | 029490 | 031661 | 034522 | 036758 | 039503 |
| 021562 | 024140 | 026598 | 029574 | 031694 | 034540 | 036819 | 039522 |
| 021583 | 024143 | 026612 | 029576 | 031709 | 034547 | 036822 | 039557 |
| 021585 | 024178 | 026618 | 029594 | 031713 | 034570 | 036888 | 039630 |
| 021590 | 024199 | 026728 | 029597 | 031746 | 034653 | 036926 | 039647 |
| 021613 | 024209 | 026744 | 029606 | 031815 | 034717 | 036938 | 039668 |
| 021619 | 024374 | 026758 | 029649 | 031827 | 034768 | 037196 | 039706 |
| 021666 | 024392 | 026887 | 029651 | 031881 | 034786 | 037249 | 039748 |
| 021716 | 024425 | 026936 | 029704 | 031899 | 034842 | 037257 | 039819 |
| 021718 | 024431 | 026961 | 029710 | 031943 | 034880 | 037348 | 039824 |
| 021759 | 024555 | 027053 | 029748 | 032013 | 034945 | 037459 | 039846 |
| 021806 | 024674 | 027067 | 029759 | 032027 | 034951 | 037503 | 039883 |
| 021866 | 024700 | 027109 | 029855 | 032030 | 034958 | 037555 | 039896 |
| 021900 | 024706 | 027196 | 029934 | 032031 | 035032 | 037595 | 039907 |
| 021956 | 024742 | 027211 | 029937 | 032130 | 035064 | 037624 | 039920 |
| 021977 | 024785 | 027220 | 030172 | 032181 | 035067 | 037680 | 039933 |
| 021998 | 024793 | 027305 | 030184 | 032240 | 035074 | 037711 | 039946 |
| 022002 | 024802 | 027333 | 030233 | 032271 | 035076 | 037716 | 039951 |
| 022003 | 024836 | 027345 | 030252 | 032349 | 035089 | 037769 | 039992 |
| 022045 | 024838 | 027361 | 030296 | | | | |

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02704 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.